

**"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы" (жаңа редакция)
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 қазандағы № 1369 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» (жаңа редакция)
Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*
ЖОБА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік шекарасы туралы
(жаңа редакция)**

Осы Заң Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасына қатысты қоғамдық қатынастарды реттейді, оны қорғаудың (күзетудің) құқықтық негіздерін, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мақсатын, міндеттері мен құзыретін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға (күзетуге) қатысатын өзге де органдардың өкілеттігін белгілейді және бекітеді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы (бұдан әрі – Мемлекеттік шекара) – Қазақстан Республикасы аумағының шегін (құрлығын, суын, жер қойнауын, әуе кеңістігін) айқындайтын сызық пен осы сызық бойынша тігінен өтетін жазықтық және Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігінің әрекет етуінің кеңістіктегі шегі.

2-бап. Осы Заңда қолданылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

- 1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және азаматтық және эксперименттік авиация қызметі саласында басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;
- 2) арнайы құралдар – құқыққа қайшы іс-қимылдың жолын кесу не уәкілетті

органдардың қызметкерлерін және Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысатын азаматтарды жеке дана қорғау және бүркемелеу мақсатында құқық бұзушыларға, олардың көліктері мен объектілеріне физикалық, жаракаттау арқылы, химиялық, электрлік, психологиялық, назарын аударып жіберу жолымен немесе өзгеше әсер етуге арналған құралдар;

3) аумақтық сулар (теңіз) және ішкі сулар режимі – мына:

Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) мен ішкі суларында қазақстандық өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (су үсті және су асты) шағын көлемді кемелерін (құралдарын) және мұз үстімен жылжитын, құралдарды есепке алудың, күтіп ұстаудың, олардың тұрақтау, келу пункттерінен шығуының, судат ұ р у ы н ы ң ;

қазақстандық кемелердің, шетелдік кемелердің және әскери корабльдердің, мұз үстімен жылжитын құралдардың Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында жүзуінің (пайдаланылуының);

Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңіз) және ішкі суларында кәсіпшілік, зерттеу, іздестіру немесе өзге, оның ішінде табиғи жанды және жансыз ресурстарды сақтауға бағытталған қызметті жүргізудің Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және осы Заңда белгіленген тәртібі;

4) делимитация – Мемлекеттік шекараның шектес мемлекеттер арасындағы келісім бойынша халықаралық шартта белгіленіп көрсетілген және шартқа қоса тіркелетін карталарда графика түрінде бейнеленген жағдайлары мен бағыттарын айқындау;

5) демаркация – жергілікті жерде делимитация туралы халықаралық шартқа сәйкес Мемлекеттік шекараны айқындау және оны тиісті шекара белгілерімен белгілеу;

6) инженерлік құрылыстар мен тосқауылдар шебі – Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әрекетін қамтамасыз етуге арналған, шекаралық кеңістік шегінде мерзімсіз (тұрақты) пайдалануға бөлінген жер белдеуі;

7) инспекциялық-тексеріп қарау кешені – интрузивсіз (қол тигізбей) тексеру әдісімен теміржол және автокөлік құралдарын, жүк бөліктері бар көлік құралдарын, контейнерлерді ашпай, көзбен шолып тексеру үшін уәкілетті органдардың пайдаланатын кескіндерді өңдеу мен талдау жүйелерімен жарактандырылған, тексеріп қарайтын интраскопиялық техника (интрузивсіз тексеріп қараудың стационарлық, тасымалданатын және мобильдік техникалық құралдары).

8) Каспий теңізіндегі Қазақстан Республикасы аумақтық суларының (теңізінің) енін есептеуге арналған бастапқы сызықтар (бұдан әрі – бастапқы сызықтар) – Қазақстан Республикасының материктік бөлігінде және оның аралдарында орналасқан (Крондштадт футштоқының нөліне қатысты биіктіктердің Балтық жүйесінің минус 28,0 метр белгісінде), сондай-ақ Қазақстан Республикасына тиесілі шығанақтардағы, бухталардағы, құйылыстар мен жайылмалардағы ішкі сулардың шегін шектейтін тура с ы з ы қ т а р ;

9) континенттік қайраң режимі – теңіз түбі мен қойнауының табиғи ресурстарына барлау жүргізуге және әзірлеуге байланысты, жасанды аралдарды, қондырғылар мен құрылыстарды жасау және пайдалану (консервациялау және демонтаждау, қалдықтар мен өзге де материалдарды көму), сондай-ақ теңіз ғылыми зерттеулерін жүргізу жөніндегі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен және заңнамасымен белгіленген құрлықтық қайраңдағы әрекетті жүзеге асыру тәртібі;

10) Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) (бұдан әрі – аумақтық сулар (теңіз)) – Қазақстан Республикасының егемендігі тарайтын, оның сыртқы шегі Мемлекеттік шекара болып табылатын Каспий теңізіндегі бастапқы сызықтардан бастап, халықаралық құқық нормаларына және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес өлшенетін ені 12 теңіз милі болатын теңіз белбеуі;

11) Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы – Мемлекеттік шекарадан (аумақтық сулардың (теңіздің) сыртқы шегінен) оның Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген шектерге дейінгі өлшенетін түбі мен қ о й н а у ы н ы ң у ч а с к е с і ;

12) Қазақстан Республикасының шекаралық кеңістігі (бұдан әрі – шекаралық кеңістік) – Мемлекеттік шекара және аумақтық сулары (теңізі) және ішкі сулары бар шекаралық аймақтың сыртқы шектеріне дейінгі оған шектесіп жатқан Қазақстан Республикасының аумағы, сондай-ақ Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің аумақтары, олардың шектерінде уәкілетті органдардың шекаралық қызметті жүзеге асыратын, континенттік қайраң және олардың үстіндегі әуе кеңістігі;

13) қызметтік жануарлар – шекаралық кеңістікте құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, белгілеу және жолын кесу мақсатында шекара нарядтарын күшейтуге, сондай-ақ құқық бұзушыларға дене күшімен, психологиялық, бағыттау жолымен және өзге де әсер етуге арналған қызметтік иттер және аттар;

14) Қазақстан Республикасының ішкі сулары (бұдан әрі – ішкі сулар) – аумақтық сулардың (теңіздің) және ішкі сулардың режимі қолданылатын Қазақстан Республикасы аумағының құрамдас бөлігі, ол мына суларды:

Каспий теңізіндегі бастапқы сызықтан жағалау жағына қарай орналасқан сулар; орташа көпжылдық деңгейі жеріндегі жағадан жағаға қарай жүргізілген тура сызықпен шектелген (халықаралық құқық нормаларына сәйкес, тізбесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленетін, Қазақстан Республикасына тиесілі) шығанақтарды, бухталарды, құйылыстарды және жайылмаларды; порттардың гидротехникалық және өзге де тұрақты құрылыстарының теңіз жаққа қарай неғұрлым қашық орналасқан нүктесі арқылы өтетін сызықпен шектелген Қазақстан Республикасының порттарын;

Мемлекеттік шекарадан Берг бұғазындағы Ақлақ гидроқұрылысына дейінгі (Үлкен Арал теңізінің қазақстандық бөлігі шегіндегі) Қазақстан Республикасы жағына қарай о р н а л а с қ а н А р а л т е ң і з і н ;

жағалауы Қазақстан Республикасының иелігіндегі шекаралық өзендерді, көлдерді және өзге де су қоймаларын қамтиды;

15) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункті (бұдан әрі – өткізу пункті) – халықаралық қатынастар үшін ашық теміржол, автомобиль станциясы немесе вокзал, теңіз немесе өзен порты, халықаралық әуежай (аэродром) шектеріндегі аумақ (акватория), сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктерді және тауарларды өткізу жүзеге асырылатын тиісті инфрақұрылымы бар Мемлекеттік шекараға тікелей жақын жерде арнайы бөлінген өзге де жергілікті жер учаскесі;

16) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің инфрақұрылымын құру – тапсырыс берушінің өткізу пункттерін жобалау, салу (реконструкциялау), жабдықтау және техникалық жарақтандыру жөніндегі функцияларын орындау;

17) Мемлекеттік шекараны белгілеу – шекара белгілерін демаркациялау (редемаркациялау) кезінде қабылданған құжаттамалық сипаттамасына сәйкес оларды Мемлекеттік шекарада орналастыру;

18) Мемлекеттік шекараны жайластыру – уәкілетті органдардың Мемлекеттік шекара инфрақұрылымын жасау және дамыту жөнінде қабылдайтын шаралар;

19) Мемлекеттік шекараның мәртебесі – Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен және халықаралық шарттармен айқындалған Мемлекеттік шекараның құқықтық жағдайының жай-күйі;

20) Мемлекеттік шекараның инфрақұрылымы – Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) мақсатында уәкілетті органдар салатын, жабдықтайтын және пайдаланатын шептер, объектілер, гидротехникалық, инженерлік және өзге де имараттар мен қоршалар кешені;

21) Мемлекеттік шекараны күзету – Мемлекеттік шекараны қорғаудың құрамдас бөлігі, ол уәкілетті органдардың Мемлекеттік шекараның өтуін құқыққа қайшы өзгертуіне жол бермеу жөніндегі іс-шаралар кешенін өткізуге, сондай-ақ Мемлекеттік шекараның режимін және өткізу пункттеріндегі режимдерді бұзу белгілері мен фактілерін анықтауға және олардың алғышарттарының жолын кесуден тұрады;

22) Мемлекеттік шекараны қорғау – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының шекаралық саясатын іске асыру жүйесінің құрамдас бөлігі;

23) Мемлекеттік шекараны орнату – Мемлекеттік шекараны халықаралық-құқықтық айқындау, құжаттамалық сипаттау және заңнамалық ресімдеу жөніндегі шаралар кешені;

24) Мемлекеттік шекараны редемаркациялау – жоғалған және ескірген шекаралық белгілерді қалпына келтіруге және жөндеуге, қосымша белгілерді орнатуға, сондай-ақ тиісті халықаралық шартпен бекітілуге жататын жаңа құжаттарды жасаудан тұратын, шектес мемлекетпен Мемлекеттік шекараны орнату процесі;

25) Мемлекеттік шекараны санаттау – Мемлекеттік шекара учаскелерінің өзіндік ерекшеліктерінің (шектес мемлекеттермен өзара қарым-қатынасы, шекара қауіпсіздігіне қатер төнуі, шекара маңы аудан тұрғындарының әлеуметтік-саяси жағдайы мен тығыздығы, жер бедері және т.б.) сипат негізінде олардың жай-күйін және Мемлекеттік шекараның мәртебесін айқындау;

26) Мемлекеттік шекараны өзгерту – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және жалпы жұрт таныған халықаралық құқық принциптері мен нормаларына сәйкес бұрын айқындалған шекарамен сай келмейтін жаңа Мемлекеттік шекараны орнату;

27) Мемлекеттік шекара режимі – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен және (немесе) осы Заңмен белгіленген тәртіп: Мемлекеттік шекараны ұстау (Каспий теңізіндегі Мемлекеттік шекара учаскесін қ о с п а ғ а н д а) ;

М е м л е к е т т і к ш е к а р а д а н ө т у ;

Мемлекеттік шекара арқылы адамдар мен көлік құралдарын, жүктер мен тауарлары ө т к і з у ;

шекара алқабына кіру, уақытша болу, тұру немесе онда жүріп-тұру;

Мемлекеттік шекарада және шекаралық белдеуде шаруашылық, кәсіптік және өзге де қызметті жүргізу, бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шаралады ө т к і з у ;

Мемлекеттік шекара режимінің бұзылуына байланысты шет мемлекеттермен шекаралық о қ ы с о қ и ғ а л а р д ы ш е ш у ;

28) Мемлекеттік шекараны қорғаудың инженерлік және техникалық құралдары (бұдан әрі – инженерлік-техникалық және техникалық құралдар) – Қазақстан Республикасының шекаралық кеңістігіндегі құқық бұзушылықтардың алдын алуға, анықтауға және жолын кесуге арналған құралдар;

29) Мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін жүктер мен тауарлар (бұдан әрі – жүктер мен тауарлар) – заңды және жеке тұлғалар Мемлекеттік шекара арқылы өткізетін коммерциялық және коммерциялық емес жүктер, тауарлар, нәрселер, материалдар, құралдар, заттар, қол жүгі (багаж) және көлік құралдары;

30) Мемлекеттік шекараны ұстау – Мемлекеттік шекара режимін қамтамасыз етуге және қолдауға бағытталған уәкілетті органдардың қызметі;

31) Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу – адамдардың, көлік құралдарының Мемлекеттік шекарадан өту (өтуге рұқсат алу), жүктер мен тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізу з а ң д ы л ы ғ ы н т а н у ;

32) өзендер тальвегі – өзендер түбінің ең төмен учаскелерін біріктіретін сызық;

33) өткізу пункттерінің инфрақұрылымы – тиісті технологиялық жабдықтары бар ғимараттар, үй-жайлар және имараттар, өткізу пункттері кешені;

34) өткізу пункттеріндегі режим – өткізу пункттеріне осы Заңмен белгіленген кіру, болу, жүріп-тұру және олардан адамдардың, көлік құралдарының шығу, жүктер мен тауарларды әкелу, болу, орнын ауыстыру, шығару тәртібі;

35) радиациялық бақылау – мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін тауарлардан және (немесе) көлік құралдарынан шығатын иондағыш сәулелердің деңгейін тексеру және оны табиғи фонмен салыстыру;

36) уәкілетті органдар – өз құзыреті шегінде Мемлекеттік шекараны қорғауды (күзетуді) жүзеге асыратын мемлекеттік органдар;

37) фарватер – навигациялық қоршау құралдары арқылы (буялар, қадалар, екі жарма белгілер) көрсетілетін кедергілер (аралдар, қайраңдар арасында және басқалар) арасында кемелердің жүзуіне арналған қауіпсіз жол;

38) шекаралық аймақ – әкімшілік-аумақтық бірліктер (аудандық, қалалық, селолық (ауылдық) округтер) аумағы шегінде шекаралық белдеуге шектесіп жататын Қазақстан Республикасы аумағының бөлігі;

39) шекаралық белдеу – Мемлекеттік шекараға тікелей шектесетін құрлық учаскесіндегі, ал шекаралық өзендер, көлдер және өзге де су қоймалары бойынша Мемлекеттік шекара өтетін учаскедегі жергілікті жер белдеуі, аталған су қоймаларының байырғы жағасына тікелей шектесіп жататын жергілікті жер белдеуі, сондай-ақ Мемлекеттік шекара режимі жұмыс істейтін, сол жерде орналасқан аралдар аумағы;

40) шекаралық режим – осы Заңмен белгіленген шекаралық аймақтағы кіру, уақытша болу, тұру немесе жүріп-тұру, бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізу тәртібі;

41) шекаралық өкілдіктердің кездесу пункті – тараптардың шекаралық өкілдіктердің отырыстарын, сондай-ақ шекара органдарының басшылары деңгейінде өткізілетін халықаралық кездесулерді ұйымдастыру және өткізу үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі пайдаланатын арнайы жабдықталған үй-жайлары бар жеке фирмат;

42) шекаралық кеңістіктегі құқық бұзушылық – шекаралық кеңістікте белгіленген режимдерді бұзуға бағытталған әрекет;

43) шекаралық қауіпсіздік – шекаралық кеңістікте жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің саяси, экономикалық, ақпараттық, гуманитарлық және өзге де мүдделері қорғалуының жай-күйі;

44) шекаралық іс-әрекет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де уәкілетті органдардың, ұйымдардың, қоғамдық бірлестіктердің және азаматтардың Қазақстан Республикасының шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған шаралар жүйесін іске асыруы;

45) шекаралық саясат – Қазақстан Республикасының шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге тұжырымдамалық тәсілдерді әзірлеу және іске асыру бойынша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің және өзге де уәкілетті органдардың келісілген және үйлестірілген іс-әрекеті;

46) шекарадағы оқыс оқиға – Қазақстан Республикасының, бір немесе бірнеше онымен шектес мемлекеттердің мүдделерін қозғайтын Мемлекеттік шекара режимі туралы халықаралық шарттардың бұзылуына байланысты, Мемлекеттік шекарадағы о қ и ғ а ;

47) шекаралық өкілдер – Мемлекеттік шекарада белгіленген режимді сақтаумен, сондай-ақ Мемлекеттік шекараның белгілі учаскесінде (шекара өкілдігі іс-әрекетінің учаскесінде) оның бұзылуына орай, шекарадағы оқыс оқиғаны шешумен (реттеумен) байланысты мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республкасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті офицерлері арасынан тағайындалатын уәкілетті лауазымды адамдар.

48) шет елдердегі мекемелерді физикалық қорғау (күзету) – Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің объекті ішкілік және өткізу режимдерін қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар кешенімен қоса, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелері мен олардың қызметшілер құрамының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құрамдас бөлігі.

3-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда көзделгеннен өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Шекара саясаты

1. Мемлекеттік шекара делимитациялау, демаркациялау (қайтадан демаркациялау) үдерісінде белгіленеді және өзгертіледі, халықаралық шарттармен және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен бекітіледі, соған сәйкес оның учаскелерінің м ә р т е б е с і а й қ ы н д а л а д ы .

2. Шекара саясатын іске асыру:

- 1) шет мемлекеттермен өзара тиімді жан-жақты ынтымақтастықты қолдау;
- 2) шекара мәселелерін бейбіт шешу жолымен қол жеткізіледі.

3. Қазақстан Республикасының шекара саясатын қалыптастыру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік шекаралық комиссияға жүктеледі, ол мемлекеттік және жергілікті атқару органдарының, Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) үшін қажетті жағдайлар жасау жөніндегі қоғамдық ұйымдардың нысаналы бірлескен қызметін қамтамасыз ететін консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

5-бап. Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) принциптері

Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) принциптері мыналар болып табылады:

- 1) Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде **з а ң д ы л ы қ т ы** **с а қ т а у** ;
- 2) Мемлекеттік шекараның тұтастығын, қол сұғылмаушылығын және Қазақстан Республикасы аумағының бөліп тасталмауын қамтамасыз ету;
- 3) адамның құқықтары мен бостандықтарын сақтау;
- 4) Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезіндегі адамның жеке басының, қоғамның және мемлекеттің өзара жауапкершілігі;
- 5) Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезінде мемлекеттік және өзге де органдар мен ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың өзара әрекеттестігі.

6-бап. Мемлекеттік шекараны қорғау

1. Мемлекеттік шекараны қорғау Қазақстан Республикасы Үкіметінің келісілген, нысаналы және уәкілетті органдардың ұйымдастыру және олардың өз өкілеттіктері шегінде шекара кеңістігінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі, саяси, қорғаныс, дипломатиялық, ұйымдық-құқықтық, экономикалық, экологиялық, табиғат қорғау, құқық қорғау, шекаралық, кедендік, санитариялық-эпидемиологиялық, әскери, бақылау-тексеру, арнайы (барлау, қарсы барлау және жедел іздестіру) және өзге де шараларды ұйымдастыру мен қолдану жөніндегі қызметінен тұрады.

2. Мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі шаралар оның учаскелерін санаттау ескеріле отырып, қолданылады.

3. Шекара кеңістігі шегінде Мемлекеттік шекараны қорғау үшін халықаралық шарттарға және (немесе) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шекара белдеуінің, шекара аймағының, аумақтық сулардың (теңіздің) және ішкі сулардың, континенттік қайраңның, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің шектері белгіленеді, ол жерде оларға сай келетін:

- 1) Мемлекеттік шекара режимі;
- 2) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режим;
- 3) шекара режимі;
- 4) аумақтық сулар (теңіз) және ішкі сулар режимі;
- 5) құрлықтық қайраң режимі енгізіледі.

7-бап. Мемлекеттік шекараны күзету

Құрлықтағы (оның ішінде Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде), аумақтық сулардағы (теңіздегі) және ішкі сулардағы (оның ішінде су асты ортасында (Каспий теңізінде) Мемлекеттік шекараны күзету Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жүктеледі.

2. Әуе кеңістігінде Мемлекеттік шекараны күзету Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне жүктеледі.

8-бап. Мемлекеттік шекараны күзету және қорғау жөніндегі шаралар

1. Мемлекеттік шекараны қорғау мен күзету түрлерін, нысандарын және тәсілдерін Қазақстан Республикасының шекара қауіпсіздігі мүдделерін ескере отырып, өз құзыреті шеңберінде уәкілетті органдар белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген жағдайларда және тәртіпте Мемлекеттік шекараны қорғау мен күзету жөніндегі іс-шараларды орындау үшін уәкілетті органдардың, ұйымдардың және жекелеген азаматтардың күштері мен құралдарын т ар т а д ы .

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекараны қорғау мен күзетуде жалпы танылған халықаралық құқық принциптері мен нормалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттермен ынтымақтасады.

2-тарау. Мемлекеттік шекараны орнату, белгілеу, өзгерту және жайластыру

9-бап. Мемлекеттік шекараны орнату және өзгерту

1. Мемлекеттік шекара Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және заңнамалық актілерінде бекітілетін делимитациялау, демаркациялау (редемаркациялау) процесінде орнатылады және өзгертіледі.

2. Мемлекеттік шекараны демаркациялаумен (редемаркациялаумен) байланысты барлық іс-әрекеттер бірлескен (екіжақты) комиссиямен жүзеге асырылады.

3. Егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмеген болса, Мемлекеттік шекара:

1) құрлықтағы – жер бедерінің сипатты нүктелері, жер бедерінің сызықтары немесе анық көрінетін бағдарлар бойынша;

2) Каспий теңізінде – Қазақстан Республикасы аумақтық суларының (теңізінің) сыртқы шекарасы бойынша;

3) Арал теңізінде – оның жағасына шығатын Мемлекеттік шекараның тұсын біріктіретін шекара нүктелерінің сызықтары бойынша теңізде жағалардың сипаты және су деңгейі өзгерген кезде өзгертілмей орнатылады;

4) кеме жүзетін өзендерде – өзеннің басты фарватер немесе тальвег ортасы бойынша; кеме жүзбейтін өзендерде, бұлақтарда – олардың орта тұсы бойынша немесе өзеннің негізгі аңғарының орта тұсы бойынша; көлдерде және өзге су қоймаларында (осы бап 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген су қоймаларын қоспағанда) – Мемлекеттік шекара көлдерінің немесе өзге де қоймаларының жағасына шығатын тұсын біріктіретін бірдей қашықтықтағы, орта, тура немесе басқа сызық бойынша орнатылады .

Өзен, бұлақ, көл немесе өзге де су қоймасы бойынша өтетін Мемлекеттік шекара олардың жағаларының сипаты немесе су деңгейі өзгерген кезде де, өзен, бұлақ аңғары белгілі бір немесе өзге жаққа ауытқыған жағдайда да өзгертілмейді;

5) су тораптарының су қоймаларында және өзге де жасанды су қоймаларында – оны толтырғанға дейінгі жерден өтетін Мемлекеттік шекараға сәйкес;

6) өзендер, бұлақтар, көлдер және өзге де су қоймалары арқылы өтетін көпірлерде, бөгеттерде және өзге имараттарда, – суда Мемлекеттік шекараның өтуіне қарамастан, сол имараттардың орта тұсы немесе олардың технологиялық осі бойынша орнатылады.

10-бап. Мемлекеттік шекараны белгілеу

1. Мемлекеттік шекара жергілікті жерлерде айқын көрінетін шекара белгілерімен белгіленеді.

2. Шекара белгілерінің нысандарын, көлемдерін, сипаттамасын, құрылымын және оларды орнату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

11-бап. Мемлекеттік шекараны жайластыру

1. Мемлекеттік шекараны жайластыру Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік шекараның инфрақұрылымын жасау тәртібін, оның учаскелерін санаттауды негізге ала отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3-тарау. Мемлекеттік шекараның режимі

12-бап. Мемлекеттік шекараның режимі

1. Осы Заңда және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында Мемлекеттік шекарада және шекаралық белдеуде Мемлекеттік шекара режимі орнатылады.

2. Шектес мемлекеттермен шекара учаскелері бойынша шекаралық белдеудің енін Қазақстан Республикасының Үкіметі орнатады, онда ені 5 метр Мемлекеттік шекараны көрсету шебі: құрлықта – Мемлекеттік шекараның тікелей бойымен; Мемлекеттік шекара шекаралық өзендер, көлдер және өзге де су қоймалары бойынша өтетін учаскелерде – іргелі жағаның тікелей бойымен жабдықталады.

3. Шекаралық белдеуде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте жер белдеулері (учаскелері) мерзімсіз (тұрақты) пайдалануға өтеусіз бөлінеді, олар инженерлік-техникалық құрылыстар мен бөгеттерді, коммуникацияларды, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін және Мемлекеттік шекара инфрақұрылымының өзге де объектілерін жайластыру және ұстау үшін пайдаланылады.

13-бап. Мемлекеттік шекараны ұстау

1. Мемлекеттік шекараны ұстау Мемлекеттік шекараны белгілеу шебін жабдықтау мен жұмыс істеуін қамтамасыз ету тәртібін (шекара белгілерін бүтін жағдайда

орнатуды, сақтауды және ұстауды, олардың бақылауға тексеруді, шекаралық соқпақтар мен жолдарды жабдықтауды), сондай-ақ шектес мемлекеттермен Мемлекеттік шекараны өтуге бірлескен тексеру жүргізуді қамтиды.

2. Халықаралық шарттарда белгіленбеген Мемлекеттік шекараны ұстау тәртібін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті айқындайды.

14-бап. Мемлекеттік шекарадан өту

1. Мемлекеттік шекарадан өту:

1) құрлықта, шекаралық өзендерде, көлдерде және өзге де су қоймаларында – халықаралық теміржол, автомобиль, өзен және өзге де қатынас жолдарында орнатылатын Мемлекеттік шекара арқылы өту орындарында;

2) әуе кеңістігінде – халықаралық әуе трассаларымен оны кесіп өтетін орындарда немесе осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген әуе дәліздері бойынша;

3) теңізде – халықаралық теңіз қатынасы жолдарында орнатылатын теңіз дәліздері шегінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамалық актілеріне сәйкес Мемлекеттік шекарадан және өзге де жерлерден өтуге жол беріледі.

2. Шекаралық ынтымақтастық халықаралық орталықтарының шегінде Мемлекеттік шекарадан өту, сондай-ақ олардың аумақтарында адамдардың болу тәртібі мен өзге де (қолданыстағы режим, жүктерді, тауарларды және т.б. өткізу ережелері туралы) мәселелер Қазақстан Республикасының дербес халықаралық шарттарымен және заңнамалық актілерімен реттеледі.

3. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар пайда болған кезде апаттық-құтқару, апаттық-қалпына келтіру құралымдары (күштері) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және заңнамалық актілерінде белгіленетін өзге тәртіпте мұндай жағдайларды оқшаулау және жою үшін Мемлекеттік шекарадан өтеді. Мұндай құралымдардың (күштердің) Мемлекеттік шекарадан өтуіне, өтудің белгіленген орындарынан тыс, әдетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың ошағына жақын таңдалатын теңіз және әуе дәліздерінде жол беріледі.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) бойынша міндеттерді орындау кезінде шектес мемлекеттің шекаралық органымен келісілген (Каспий теңізіндегі аумақтық сулардың (теңіздің) сыртқы шекарасын қоспағанда) өзге де тәртіпте Мемлекеттік шекарадан өтуге қ ұ қ ы қ беріледі.

5. Мемлекеттік шекарадан Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне дейін халықаралық теміржол және автомобиль қатынас жолдарының учаскелерін белгілеу мен жабдықтауға қойылатын талаптарды, олар бойынша жүру тәртібін, сондай-ақ Мемлекеттік шекарада орналасқан шекаралық ынтымақтастық халықаралық орталықтары периметрінің қазақстандық бөлігін жабдықтауға қойылатын талаптарды

Қазақстан Республикасының Үкіметі орнатады.

6. Мемлекеттік шекарадан Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне дейін немесе кейін қарай бағытта адамдар мен көлік құралдарын өткізу кезінде:

- 1) белгіленген қозғалыс бағытын өзгертуге;
- 2) адамдардың аялдауына, түсуіне (мінуіне), жүктер мен тауарларды түсіруге (тиеуге), әуеге көтеруге, кез келген, оның ішінде пилотсыз ұшу аппаратын қондыруға немесе қабылдауға тыйым салынады.

7. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде, сондай-ақ шектес мемлекеттердің жазбаша өтініші бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен оның жеке учаскелерінде Мемлекеттік шекарадан өту уақытша шектеледі немесе тоқтатылады, ол туралы Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі мүдделі мемлекеттердің билігі ондай шешім қабылдаған сәттен бастап жетпіс екі сағат ішінде дипломатиялық арналар арқылы хабардар етіледі.

15-бап. Теңізде, өзендерде, көлдерде және өзге де су қоймаларында Мемлекеттік шекарадан өту

1. Қазақстандық және шетелдік (су үсті және су асты) кемелер, әскери корабльдер, мұз үстімен жылжитын құралдар Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына және заңнамалық актілеріне сәйкес теңізде, өзендерде, көлдерде және өзге де су қоймаларында Мемлекеттік шекарадан өтеді.

2. Су асты шетелдік кемелері (құралдары) Мемлекеттік шекараны кесіп өтеді және аумақтық суларда (теңізде) су үсті жағдайында қозғалады.

3. Қазақстан Республикасы мен шектес мемлекеттердің порттарына кірмей, Мемлекеттік шекараны кесіп өте отырып, шекаралық өзендерде, көлдерде және өзге де су қоймаларында кемелердің жүзуі шектес мемлекеттермен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен реттеледі.

4. Қазақстандық және шетелдік (су үсті және су асты) кемелер, шетелдік әскери корабльдер, мұз үстімен жылжитын құралдар Мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде және Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңіздері) мен ішкі суларынан өткенде Қазақстан Республикасының портына (рейдіне) кіріп немесе кірмей, сондай-ақ Қазақстан Республикасының портынан (рейдінен) Мемлекеттік шекараға өткенде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мынадай талаптарын орындауға міндетті:

- 1) өз туын көрсетуге, егер ол қандай-да бір себептермен көтерілмеген болса;
- 2) егер жүзу үшін тыйым салынған немесе уақытша қауіпті ауданға апаратын болса, сондай-ақ жасанды арал айналасында орнатылған қауіпсіздік аумағына не болмаса жүзу режимінің басқа бұзушылығына әкелетін болса, бағытты өзгертуге;
- 3) Қазақстан Республикасының аумақтық суына (теңізіне) немесе ішкі суларына кіру мақсаты, қозғалыстың сыздадан ауытқу себептері туралы хабарлауға;
- 4) аялдауға және тексеру үшін қарау тобын қабылдауға (кеменің үй-жайын

тексеруге), кемелік және навигациялық құжаттарды, экипаж мүшелері мен жолаушылардың құжаттарын, жүктерге немесе тауарларға құжаттарды ұсынуға;

5) бағытты өзгертуге және Қазақстан Республикасының портына немесе өзге көрсетілген пунктке жүруге;

6) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамалық актілерінде көзделген өзге де талаптарды орындауға.

4) және 5) тармақшалары шетелдік әскери корабльдер мен коммерциялық емес мақсаттарда қолданылмайтын мемлекеттік кемелерге қатысты емес.

5. Осы баптың 5-тармағында көзделген қазақстандық және шетелдік кемелерге:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін аспаған Қазақстан Республикасының портына (рейдіне) кіруге;

2) қозғалыстың белгіленген схемасынан ауытқуға, жүзу үшін тыйым салынған немесе жүзу үшін уақытша қауіпті ауданға, сондай-ақ жасанды арал айналасында орнатылған, қауіпсіздік аумағына кіруге, егер осындай аудан немесе аймақ туралы теңізде жүзушілердің хабарламасында жарияланса, орнатуға немесе құрылысқа;

3) адамдардың аялдауы, түсуі (мінуі), кез келген жүктер мен тауарларды түсіру (тиеу), кез келген жүзу құралдарын суға түсіру немесе бортқа қабылдау, әуеге көтеру, бортқа кез келген ұшу аппаратын қабылдау-қондыру немесе қабылдау, кәсіпшілік, зерттеу, іздеу немесе өзге де қызметті уәкілетті органның рұқсатынсыз немесе бұндай рұқсаттың шартын бұза отырып жүргізуге тыйым салынады.

6. Коммерциялық емес мақсаттарда пайдаланылатын шетелдік әскери корабльдер мен басқа да мемлекеттік кемелер, егер Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше тәртіп көзделмесе, аумақтық суларға (теңізге) және ішкі суларға кіру үшін болжамдалған кіруге дейін отыз күннен кешіктірмей, дипломатиялық арналар арқылы сұрау салынған, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің алдын ала кіру рұқсаты бойынша Мемлекеттік шекарадан өтеді.

16-бап. Теңізде, өзендерде, көлдерде және өзге де су айдындарында Мемлекеттік шекарадан бірнеше рет өтуге кәсіпшілікті жүргізуші қазақстандық

кемелердің құқығы

1. Аумақтық суларда (теңіздерде) ішкі суларда және континенттік қайраң үстінде кәсіпшілікті жүзеге асыратын қазақстандық кемелер мақсаты Қазақстан Республикасының аумағында балық және өзге өнімдерді саудалауға және өндіру үшін кәсіпшілік өнімін жеткізу болып табылатын кәсіпшілік іс-әрекет жүргізген жағдайда шекаралық бақылау жүзеге асырылғандарға қатысты шетелдік кемелерге, сондай-ақ қазақстандық кемелерге кәсіпшілік өнімдерін тиеусіз, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің рұқсаты негізінде олармен шекаралық, кедендік және бақылаудың өзге түрлерін өтүсіз, Мемлекеттік шекараны бірнеше рет өте алады.

2. Осы баптың 1-тармағында көрсетілген қазақстандық кемелерге:

1) шет мемлекеттің аумақтық суларына (теңізге), ішкі суларына, шетелдік порттарға к і р у г е ;

2) адамдарды түсіруге (мінуге), шетелдік кемелермен, сондай-ақ шекаралық бақылау жүзеге асырылған қазақстандық кемелермен кез келген жүктер мен тауарларды түсіруге (тиеуге), сондай-ақ адамдар мен кемелерді құтқару қажеттілігінен немесе кемелің капитаны шұғыл түрде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін дереу ақпараттандыратын басқа да төтенше жағдайлардан туындаған жағдайдан басқаларды есептемегенде тыйым салынады.

3. Мемлекеттік шекарадан бірнеше рет өтуге рұқсат алу тәртібі, бұл рұқсат әрекетінің кеңістік және уақытша шегін, сондай-ақ осы баптың 1-тармағында көрсетілген қазақстандық кемелерді бақылауды жүзеге асыру тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

17-бап. Мемлекеттік шекараны әуе кеңістігінде кесіп өту

1. Әуе кемелері Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және заңнамасында белгіленген ережелерді сақтай отырып, Мемлекеттік шекараны кесіп ө т е д і .

Мемлекеттік шекараны кесіп өту жерлерінен Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне дейін және кері қарай өтетін әуе кемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшу кезінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің және Қазақстан Республикасы азаматтық авиациясы уәкілетті органдарының саласындағы мынадай талаптарды орындауға міндетті:

1) егер ол ұшу үшін тыйым салынған немесе уақытша қауіпті ауданға келетін болса, б а ғ ы т т ы ө з г е р т у г е ;

2) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне кіру мақсаттары немесе ұшу жоспарынан ауытқу себептері туралы хабарлауға;

3) көрсетілген жерге келіп қонуды жүзеге асыруға.

3. Мемлекеттік шекараны кесіп өту жерлерінен Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне дейін немесе кейін қарай бағытта өтуі кезінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшуда, адамдардың өміріне немесе денсаулықтарына қатер төндіретін табиғи зілзалаларды, аварияларды, апаттарды, апаттық жағдайларды қоспағанда мыналарға тыйым салынады:

1) ұшу жоспарында көрсетілмеген, сондай-ақ әуежайлардан, аэродромдардан тыс халықаралық болып табылмайтын әуежайларға (аэродромдарға) қонуына (ұшуына);

2) белгіленген (ұсынылған) дәліздерден және ұшу бағытынан ауытқуға, аэронавигациялық ақпарат құжаттарында жарияланған ұшу үшін тыйым салынған аймақтар мен шектеу аймақтары аумағының үстінен ұшуға;

3) адамдардың түсуіне (мінуіне), кез келген жүктер мен тауарларды түсіруге (тиеуге)

4. Ерекше жағдайларда техникалық, мәжбүрлі қонуларды және гуманитарлық

рейстерді орындауына, сондай-ақ мемлекеттік міндеттерді орындауына байланысты халықаралық ұшуларды орындау кезінде әуе кемелерінің қонуы мен ұшуы халықаралық болып табылмайтын әуежайлардан (аэродромдардан) жүргізіледі. Ондай ұшулар тек Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, кедендік органдармен және өзге де мемлекеттік органдармен келісім бойынша халықаралық рейстерді қамтамасыз етуге рұқсат етілмеген әуежайлардан (әуежайларға) халықаралық ұшуды орындайтын әуе кемелерін қабылдауға, шығаруға және оларға қызмет көрсетуге уақытша рұқсат беретін авиация саласындағы уәкілетті органдардың рұқсат беруі арқылы ғана орындалады.

18-бап. Мемлекеттік шекараны мәжбүрлі түрде кесіп өту

1. Мынадай төтенше жағдайларда жүзеге асырылатын оның (белгіленбеген орындардан, теңіз немесе әуе дәліздерінен тыс) мәжбүрлі түрде өтуі Мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібін бұзу болып табылмайды:

1) адамдардың өміріне немесе денсаулығына, қазақстандық немесе шетелдік кемелердің, шетелдік әскери корабльдердің, мұз үстімен жылжитын құралдардың, сондай-ақ әуе кемесінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін табиғи апаттар, апаттар, авариялар, авариялық жағдайлар;

2) бұзылған қазақстандық немесе шетелдік кемені, шетелдік әскери корабльді, мұз үстімен жылжитын құралдарды тіркеу;

3) құтқарылған адамдарды жеткізу;

4) қазақстандық немесе шетелдік кеменің, шетелдік әскери корабльдің, мұз үстімен жылжитын құралдардың экипаж мүшелеріне немесе жолаушыларына, сондай-ақ өзге де төтенше жағдайларда шұғыл медициналық көмек көрсету.

2. Қазақстандық немесе шетелдік кеменің, шетелдік әскери корабльдің, мұз үстімен жылжитын құралдардың капитаны (кеме жүргізушісі), әуе кемесінің командирі Мемлекеттік шекараны мәжбүрлі түрде кесіп өту немесе осы Заңмен белгіленген Мемлекеттік шекараны кесіп өту орнынан Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне дейін немесе кері бағытта өту тәртібін мәжбүрлі түрде сақтамау жағдайында:

1) бұл туралы жақын жердегі қазақстандық теңіз (өзен) портының, аэродромның (әуежайдың) әкімшілігіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне дереу хабар беруге;

2) көмек көрсетуге немесе болған жағдайды анықтау үшін келген, Қазақстан Республикасы уәкілетті органдарының, шекаралық (әскери) корабльдің командирінен, Қазақстан Республикасы теңіз, өзен кемесінің капитанының немесе әуе кемесі командирінің нұсқауларына сәйкес әрекет етуге міндетті.

3. Өзге де адамдар мен көлік құралдарының Мемлекеттік шекараны мәжбүрлі түрде кесіп өту немесе осы Заңмен белгіленген Мемлекеттік шекарадан Мемлекеттік шекара

арқылы өткізу пункттеріне дейін немесе кері бағытта өту тәртібін мәжбүрлі түрде
с а қ т а м а у ж а ғ д а й ы н д а :

1) бұл туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің жақын жердегі бөлімін (бөлімшесін) дереу хабардар етуге;

2) болған жағдайды анықтау үшін келген, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің өкілінен алынған нұсқауларға сәйкес әрекет етуге міндетті.

19-бап. Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды және көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу.

Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттері

1. Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамалық актілеріне сәйкес белгіленген және ашық Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде жүргізіледі.

2. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін орнату, ашу (жабу) қолдану (пайдалану), санаттау, жайластыру ережесін, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің жұмысын, техникалық жарактандыру және ұйымдастыру бойынша талаптарды, олардың тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде шекаралық, кедендік, көлік, санитарлық-карантиндік, ветеринарлық, фитосанитарлық бақылауды ұйымдастыру үшін, өз құзыреті шегінде, жауап беретін бақылаушы органдардың бөлімшелері орналасады.

4. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде адамдарды өткізген кезде Мемлекеттік шекара ретінде паспорттық бақылау желісі жүреді.

5. Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізуді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

6. Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды өткізу халықаралық шарттарда белгіленген Қазақстан Республикасына келу немесе Қазақстан Республикасынан шығу құқығын беретін құжаттар болған кезде, сондай-ақ осы адамдарға қатысты Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген шектеулер болмағанда жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік шекара арқылы көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу кедендік және өзге де бақылаушы органдардың Қазақстан Республикасына көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды кіргізуге немесе Қазақстан Республикасынынан шығаруға құқығы бар өткізу пункттерінің рұқсат белгілері болған кезде жүзеге асырылады.

8. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу процесі шекаралық бақылау рәсімінің аяқталуы бойынша, яғни өткізу пункттері шегінен тыс адамдардың, көлік құралының

шығуы кезінде немесе жүктер мен тауарларды шығарғанда аяқталды деп есептеледі.

9. Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Мемлекеттік шекара арқылы Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етілмеген немесе кіруі шектелген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасынан шығуға тыйым салғандығы туралы шешім қабылданғандарға қатысты (азаматтығы немесе мәртебесіне қарамай) адамдар өткізілуге жатпайды.

**20-бап. Мемлекеттік шекара арқылы өткізудің
жеңілдетілген тәртібі, жеңілдетілген өткізу
пункттері**

1. Шектес мемлекетпен Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарда, Қазақстан Республикасына кіруге немесе Қазақстан Республикасынан шығуға құқық берілген құжаттарды анықтау бөлігінде Қазақстан Республикасының және шектес мемлекеттің азаматтарын Мемлекеттік шекара арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібі белгіленуі мүмкін, сондай-ақ осы тәртіп қолданылатын азаматтар мен Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің (өту орындарының) с а н а т ы д а а й т ы л ғ а н .

2. Қазақстан Республикасында халықаралық шарттарға сәйкес Кедендік одаққа қатысушы шектес мемлекетпен шекаралас аудандардың тұрғындары мен олардың көлік құралдарын өткізу жеңілдетілген өткізу пункттері жабдықталған, Мемлекеттік шекарадан өту орындарында тікелей жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Шектес мемлекетпен Қазақстан Республикасында ратификацияланған халықаралық шарттарда белгіленбесе, Мемлекеттік шекара арқылы жеңілдетілген өткізу пункттерінде жүктер мен тауарларды коммерциялық мақсаттарда өткізуге тыйым салынады.

**21-бап. Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше
жағдайлар туындаған кезде Мемлекеттік шекара
арқылы өткізу**

Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулауға және жоюға арналған апаттан құтқару, апаттан кейін қалпына келтіру құралымдарын (күштерін) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген тәртіпте жүргізіледі.

**22-бап. Ерекше жағдайларда кемелерді Мемлекеттік
шекара арқылы өткізу**

Ерекше жағдайларда Мемлекеттік шекара арқылы адамдар мен көлік құралдарды өткізуді Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің тиісті аумақтық органдары, әуежайлар немесе аэродромдар, теңіз немесе өзен порттарының әкімшілігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара

қызметінің тиісті бөлімшесін ескерте отырып жүзеге асырады:

1) халықаралық болып табылмайтын әуежайлардан (аэродромдардан) арнайы халықаралық ұшуларды орындайтын әуе кемелеріне;

2) белгіленбеген орындарда халықаралық ұшуларды орындайтын, мәжбүрлі түрде қонуларды жүзеге асырушы, қазақстандық және шетелдік әуе кемелеріне;

3) халықаралық тасымалдарды орындаушы, қазақстандық кемелер мен мұз үстімен жылжитын құралдарға, өткізу пункттері жоқ, айлаққа (кемежайға) не қазақстандық жағаға келген, Қазақстан Республикасының теңіз және өзен порттарына (рейдке) мәжбүрлі түрде кіруін жүзеге асырушы, шетелдік (су үсті және су асты) кемелеріне, шетелдік әскери корабльдерге, мұз үстімен жылжитын құралдарға қатысты.

23-бап. Өткізу пункттеріндегі шекаралық бақылау

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің шекаралық іс-қимыл түрлерінің бірі өткізу пункттеріндегі шекаралық бақылау болып табылады.

2. Өткізу пункттеріндегі шекаралық бақылау адамдарға, көлік құралдарына, жүктер мен тауарларға қатысты:

1) Мемлекеттік шекарадан өту заңдылығын анықтау, Мемлекеттік шекарадан өту тәртібін бұзушыларды анықтау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен белгіленген Қазақстан Республикасына (-нан) кіруге (шығуға) шектеулері барлар адамдарды анықтау мақсатында құжаттарды және адамдарды, соның ішінде биометрикалық жеке мәліметтерін өңдеу құралдарымен, сондай-ақ сұрау салу арқылы тексеру;

2) Мемлекеттік шекара арқылы көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу заңдылығын белгілеу, Кедендік одақтың сыртқы шекарасында Мемлекеттік шекарадан өткізу тәртібін бұзушылықтарды анықтау және жолын кесу мақсатында барлық бақылаушы органдардың рұқсат белгілерінің болуын тексеру;

3) Мемлекеттік шекарадан өту тәртібін бұзушыларды табу және ұстау мақсатында көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды қажетті жағдайларда – арнайы (тереңдетілген) тексеру;

4) Мемлекеттік шекараны кесіп өту тәртібін бұзушылық белгілері болған кезде адамдарды тексеру;

5) Мемлекеттік шекараны кесіп өту орындарынан өткізу пункттеріне дейін не өткізу пункттерінен Мемлекеттік шекараны кесіп өту орындарына дейін көлік құралдарына алып жүру кіреді.

3. Осы Заң 22-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен тыс жерлерде шекаралық бақылау жүргізуге жол берілмейді.

4. Өткізу пункттеріне келген және Мемлекеттік шекара арқылы өтуге негіздемесі жоқ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасының

халықаралық шарттарына сәйкес өздері келген елге немесе өзі азаматтығын алған елге кері қайтарылады.

24-бап. Шекаралық белдеуге кіру, уақытша болу, тұру немесе онда жүріп-тұру

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің рұқсатынсыз шекаралық белдеуге кіруге, уақытша болуға, тұруға немесе онда жүріп-тұруға тыйым салынған.

2. Адамдардың шекаралық белдеуге кіруі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі берген жеке басын куәландыратын құжаттары мен арнайы рұқсаттамалары болған кезде соған арналған орындарда жүзеге асырылады.

3. Жергілікті атқарушы және өзге де мемлекеттік органдардың басшылары қызметтік міндеттерін орындау кезінде, оларды шекаралық белдеуге өткізу сол үшін белгіленген орындарда жеке басын куәландыратын құжаттар болған кезде жүзеге асырылады.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті авиацияларының, оларға жүктелген міндеттерді орындау кезінде басқа да уәкілетті органдар авиацияларының орындайтын ұшуларын қоспағанда, әуе кеңістігінде шекаралық белдеу үстінен әуе кемелерінің (халықаралық ұшуларды орындамайтын) ұшуына тыйым салынады. Шекаралық белдеуде уәкілетті органдар авиациясының ұшуы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметімен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің рұқсатымен жүзеге асырылады.

5. Осы баптың 1, 4-тармақтарында көрсетілген шектеулер, сондай-ақ шекаралық белдеудің сыртқы шекарасынан бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті инженерлік имараттар мен қоршаулар шебіне дейін әрекет етеді.

6. Әуе кеңістігінде әуе кемелерінің (халықаралық ұшуларды орындамайтын) шекара кеңістігінің өзге де аумағының үстінен ұшуы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін хабардар ете отырып Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің рұқсатымен орындалады.

25-бап. Мемлекеттік шекарада және шекаралық белдеуде шаруашылықты, кәсіпшілікті немесе өзге де қызметті, бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды жүргізу

1. Мемлекеттік шекарада және шекаралық белдеуде Қазақстан Республикасының және (немесе) шектес мемлекеттердің мүддесін қозғайтын шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметті жүргізу, бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізу халықаралық шарттармен, Қазақстан Республикасының заңнамаларымен реттеледі және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің

рұқсаты

негізінде

жүргізіледі.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне ұсыныстар енгізу кезінде рұқсат алу үшін жеке және заңды тұлғалар кәсіпшілік және өзге де кемелерде, көлік және өзге де техникалық құралдарда қолданылатын жұмыс өндірісінің немесе іс-шараларды өткізу сипаты, орындары, қатысушылары, уақыты туралы, ал қажет болған жағдайларда, соның ішінде егер бұл шектес мемлекетпен Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында айтылса, Мемлекеттік шекараны кесіп өту орындары мен уақыты туралы мәліметті енгізеді.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) мүдделерін ескере отырып осындай рұқсаттардың әрекетін шектеу немесе уақытша тоқтату енгізуі мүмкін, бұл туралы мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар хабардар етіледі.

4. Мемлекеттік шекарада және шекаралық белдеуде жүзеге асырылатын (өткізілетін) шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызмет, бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шаралар:

1) Қазақстан Республикасының, шектес мемлекеттердің шекаралық және өзге де қауіпсіздігіне зиян келтірмеуі немесе мұндай зиянды келтіру қаупін ұстамауы;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің мемлекеттік шекараны ұстауына және міндеттерді орындауына кедергі жасамауы;

3) Мемлекеттік шекарада белгіленген тәртіпті бұзбауы қажет.

5. Шекаралық белдеуде кәсіпшілік мақсатта аң аулауға тыйым салынады. Көрсетілген шектеулер Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі шекаралық белдеуінің сыртқы шекарасынан инженерлік-техникалық құралдарының сызығына дейінгі жер белдеуінде де әрекет етеді.

6. Жергілікті атқарушы органдарының ұсынысы бойынша, режимдік шектеулердің қолданысын уақытша тоқтата тұруға жол берілген, шекаралық белдеуде орналасқан су алатын, суға шомылатын, шекара өзендеріндегі, көлдеріндегі және өзге де су қоймаларындағы жануарлар су ішетін жерлерді, су көздерінің тек оң экологиялық сараптамаға және санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес болған жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі белгілейді.

26-бап. Карантин белдеуі. Мемлекеттік шекара бойында малды ұстау және оны жаю ерекшеліктері

1. Жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу мақсатында Мемлекеттік шекара бойында карантин белдеуі жабдықталады.

2. Карантин белдеуі шегінде қолданыстағы карантин режимін ұстау Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген тәртіпте айқындалады.

3. Эпидемиологиялық және эпизоотикалық жағдайға байланысты (карантин режимін енгізген кезде) шекаралық белдеуде (хабарланған карантин аймағы шегінде) заңды

және жеке адамдарға тиесілі малды ұстауға және жаюға тыйым салынады.

4. Жануарлардың жұқпалы ауырулары туындаған жағдайда тиісті аумақтың бас мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық инспекторының ұсынысы бойынша карантин режимін немесе шектелген іс-шараларды енгізе отырып, карантин аймағының ветеринарлық режимін белгілеу туралы шешімдер қабылдауды:

1) екі немесе одан да көп облыстар аумағында – Қазақстан Республикасының
Ү к і м е т і ;

2) облыс, аудан, облысқа бағынышты қалалар, селолық (ауылдық) округтер аумағында – тиісті облыстың (республикалық маңызы бар қалалардың, астаналардың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органы жүзеге
а с ы р а д ы .

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне тиесілі малды ұстау мен жаю ережесі карантин белдеуінде тікелей орналасқан оның бөлімшелеріне таратылмайды.

27-бап. Шет мемлекеттермен Мемлекеттік шекара режимін бұзуға байланысты шекарадағы оқыс оқиғаларды шешу

1. Мемлекеттік шекара режимін бұзуға байланысты шекарадағы оқыс оқиғаларды шешу Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және заңнамаларында белгілеген
т ә р т і п т е жүзеге
а с ы р ы л а д ы .

2. Мемлекеттік шекара режимін бұзуға байланысты шекарадағы оқыс оқиғаларды шешуге шектес мемлекетпен біржақты немесе бірлескен тексеру, оқыс оқиғаларды Қазақстан Республикасы және шектес мемлекет шекара өкілдерінің отырыстарында
қ а р а у ж о л ы м е н қ о л ж е т к і з е д і .

3. Ақпарат алмасу үшін Мемлекеттік шекарада хат-хабар алмасу пункттері
қ о й ы л а д ы .

4. Мемлекеттік шекара режимін бұзуға байланысты оқыс оқиғалар бойынша бірлескен тексерулер және шекара өкілдерінің өзге де отырыстары шекара өкілдері кездесуінің арнайы жабдықталған пункттерінде өткізіледі. Қажет болған жағдайда аталған қызмет тікелей шекарадағы оқыс оқиға болған жерде ұйымдастырылуы мүмкін.

5. Мемлекеттік шекара режимін бұзуға байланысты шекарадағы оқыс оқиғаларды шешу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне
ж ү к т е л е д і .

Әуе кеңістігі жағдайында шекарадағы оқыс оқиғаларды шешу кезінде сарапшылар ретінде Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің өкілдері тартылады.

6. Оқыс оқиғаларды шешу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі осындай қажеттілік жағдайында тексеруге өзге де уәкілетті
о р г а н д а р д ы ң күштері мен құралдарын тартады.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі реттемеген, Мемлекеттік шекара режимін бұзуға байланысты шекарадағы оқыс оқиғаларды Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі шешеді.

28-бап. Шекарадағы өкілдер

1. Шекарадағы өкілдер өз қызметінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын, осы Заңды және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

2. Шекарадағы өкілдер қызметі (шекара өкілдігінің қызметі) шекара мәселелері бойынша халқаралақ ынтымақтастық нысандарының бір түрі болып табылады және ол шектес мемлекеттермен Қазақстан Республикасының достық қарым-қатынасын дамытуға бағытталған.

29-бап. Мемлекеттік шекара режимін бұзу

1. Мемлекеттік шекараны бұзу болып халықаралық шарттарға және осы Заңға сәйкес мынадай белгіленген тәртіпті сақтамау деп танылады:

1) мемлекеттік шекараны (Каспий теңізіндегі Мемлекеттік шекара учаскесін қоспағанда) ұстау;

2) Мемлекеттік шекараны кесіп өту;

3) Мемлекеттік шекара арқылы адамдар мен көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды өткізу;

4) шекаралық белдеуге кіру, уақытша болу, тұру немесе онда жүріп-тұру;

5) Мемлекеттік шекарада және шекаралық белдеуде шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге қызметті жүргізу, бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізу;

6) шет мемлекетпен Мемлекеттік шекараны бұзуға байланысты шекарадағы оқыс оқиғаларды шешу.

2. Мемлекеттік шекараны кесіп өтудің белгіленген тәртібін адамдардың және көлік құралдарының Мемлекеттік шекараны кез-келген рұқсатсыз бұзуы Мемлекеттік шекараны бұзу болып табылады.

30-бап. Мемлекеттік шекараны бұзушылар

Мыналар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын бұзушылар болып табылады:

1) Мемлекеттік шекараны Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінен тыс немесе өткізу пункттерінде солар арқылы, бірақ шекарадан өтудің белгіленген ережелерін кез келген әдіспен кесіп өткен немесе кесіп өтуге тырысқан адамдар;

2) Қазақстан Республикасынан заңсыз кету мақсатымен қазақстандық және шетелге бара жатқан шетелдік көлік құралдарымен кірген немесе кіруге тырысқан адамдар;

3) Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) немесе ішкі суларына, сондай-ақ шекаралық өзендер, көлдер мен өзге де су қоймаларының қазақстандық бөлігіне, ондай суларға кірудің белгіленген тәртібін бұзып кірген шетелдік әскери емес

кемелер мен әскери корабльдер, оның ішінде шетелдік сүнгүйр қайықтар және су асты жүзетін басқа да көлік құралдары Мемлекеттік шекарадан су асты жағдайында өткен немесе жүзген және тұрған кезінде;

4) белгіленген тәртіпті бұза отырып, Мемлекеттік шекара арқылы өтетін әуе кемелері және өзге де ұшу аппараттары (құралдары), сондай-ақ Мемлекеттік шекарадан белгіленген әуежайларға (аэродромдарға) өту кезінде не Қазақстан Республикасы әуе кеңістігі арқылы транзиттік ұшу кезінде белгіленген әуе кеңістігін пайдалану ережесін бұзғандар;

5) тиісті рұқсатсыз немесе белгіленген тәртіпті бұза отырып, Мемлекеттік шекараны кесіп өтетін немесе кесіп өтуге әрекет жасайтын өзге де адамдар, техникалық және өзге де құралдар.

4-тарау. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режим

31-бап. Өткізу пункттеріндегі режим

1. Өткізу пункттерінде осы Заңмен Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режим белгіленеді.

2. Өткізу пункттеріндегі аумақ режимдік болып табылады.

3. Өткізу пункттеріндегі режим:

1) адамдардың және көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың Мемлекеттік шекарадан заңсыз өту;

2) өткізу пункттеріндегі жабық орындарға, үй-жайларға (объектілерге) бөгде адамдардың, сондай-ақ шетелге кетіп бара жатқан көлік құралдарының кіру мүмкіндіктерін болдырмауы қажет.

4. Өткізу пункттеріндегі режимді бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жүктеледі, ол өткізу пункттерінде адамдар мен көлік құралдарының шығуын, кіруін, болуын, жүріп-тұруын, жүктер мен тауарларды әкелу, тасу, орналастыру, орын ауыстыру тәртібін сақтау бойынша тексеру және өзге де іс-шараларды өткізуге саяды.

32-бап. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде адамдар мен көлік құралдарын кіргізу, шығару, жүктер мен тауарларды әкелу, тасу тәртібі

1. Өткізу пункттерінде адамдар мен көлік құралдарын кіргізу, шығару, жүктер мен тауарларды әкелу, тасу Қазақстан Республикасына адамдардың кіруіне немесе шығуына, сондай-ақ көлік құралдарына құқығы бар құжаттары болған кезде, сол үшін белгіленген орындарда жүзеге асырылады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі әскери қызметшілерінің, кедендік және өзге де органдар адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды рәсімдеумен және қызмет көрсетумен айналысатын, көліктік

ұйымдары қызметкерлерінің өткізу пункттеріне кіруі:

1) Мемлекеттік шекара арқылы теміржол, автомобилдік, теңіз және өзендік өткізу пункттерінде – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен;

2) Мемлекеттік шекара арқылы авиациялық өткізу пункттерінде – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен келісім бойынша, Қазақстан Республикасының авиациялық саласында уәкілетті орган беретін рұқсаттамалар бойынша жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне жоғарыда көрсетілген органдар мен ұйымдардың қызметтік көліктеріне қатысты да кіруге, шығуға рұқсат беру тәртібі (арнайы рұқсаттамалар негізінде) белгіленеді.

33-бап. Өткізу пункттерінде адамдардың көлік құралдарының, жүктер мен тауарлардың келуі, қозғалуы, болуы және орын ауыстыру тәртібі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі өткізу пункттерінде қызметті өз құзіреті шегінде жүзеге асыратын кедендік және өзге де органдардың, сондай-ақ көліктік ұйымдардың келісімі бойынша:

1) өткізу пункттерінде адамдар мен көлік құралдарының қозғалыс, жүктер мен тауарлардың орын ауыстыру схемасын, сондай-ақ қызметтік көліктердің қозғалыс тәртібі мен тұрақ орнын анықтайды;

2) шекаралық және басқа да бақылау түрлері жүзеге асырылатын үй-жайлар мен өзге де орындарға, сондай-ақ шетелге бара жатқан көлік құралдарына рұқсат беру тәртібін белгілейді.

3) өткізу пункттерінде белгіленген режимнің орындалуын бақылау шараларын әзірлейді және қамтамасыз етеді.

2. Өткізу пункттерінде (автомобильдіктен басқа) шетелден келе жатқан көлік құралдарының орны мен тұру ұзақтығын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен келісім бойынша көліктік ұйымдар әкімшілігі анықтайды.

3. Шетелге бара жатқан көлік құралдары өткізу пунктінің аумағынан кету үшін қозғалыс жасауды, ал тұрақ орнын ауыстыруды тек Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің рұқсатымен ғана бастайды.

4. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде көлік құралдарына және шетелге бара жатқан көлік құралдарына, өткізетін жүктер мен тауарларға шекаралық және өзге де бақылау түрлерін жүзеге асыру кезеңінде адамдардың кіруіне тыйым салынды.

5. Шетелге бара жатқан көлік құралдарына адамдарды отырғызу (түсіру) олардың өткізу пунктіне келуі немесе кетуі кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің рұқсатымен жүзеге асырылады, ал жүктер мен тауарларды

Осы Заңға сәйкес белгіленген Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде адамдардың, көлік құралдарының кіруі, болуы, жүріп-тұруы және жүктер мен тауарларды әкелу, орналастыру, орын ауыстыру, әкету тәртібін сақтамау Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режимнің бұзылуы болып танылады.

5-тарау. Шекаралық режим

39-бап. Шекаралық аймақ.

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі шекара маңы аумақтарының әкімшілік-аумақтық бірліктері (аудандар, қалалар, селолық (ауылдық) округтер) шегінде осы Заңмен белгіленген шекаралық режим әрекет ететін шекаралық аймақты о р н а т а д ы .

2. Шекаралық режимнің негізгі мақсаты Мемлекеттік шекараны күзету үшін қажетті жағдайлар жасау жолымен шекара аймағындағы белгіленген тәртіпті қ а м т а м а с ы з е т у б о л ы п т а б ы л а д ы .

3. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрлігі шекара аймағына кіреберістерде ескерту (ақпараттық) белгілерін орнатады.

4. Шекаралық аймақта Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте өтеусіз, мерзімсіз (тұрақты) қолдануға инженерлік-техникалық имараттар мен қоршауларды, коммуникацияларды, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пінкттерін және Мемлекеттік шекара инфрақұрылымдарының өзге де объектілерін жайластыру мен ұстау үшін жер алқаптары (телімдері) бөлінеді.

5. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен келісілген жергілікті атқарушы органдардың ұсыныстары бойынша шекара аймағына кіретін шекара маңы аумақтарының тізбесі белгіленеді, онда Қазақстан Республикасы Үкіметі кейбір режимдік шектеулердің қолданысын алуы немесе тоқтатуы мүмкін.

6. Шекаралық режимді бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне жүктеледі.

40-бап. Шекаралық аймаққа кіру

1. Шекаралық аймаққа онда тұрақты тұратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың кіруі Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгілеген тәртіпте беретін, шекаралық аймақ тұрғынының куәлігі болған кезде, жеке басын куәландыратын құжаттар б о й ы н ш а ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

2. Шекаралық аймаққа онда тұрақты тұрмайтын Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің мен азаматтығы жоқ адамдардың кіруі осы Заңда

көзделген жағдайларды қоспағанда, шекаралық аймаққа кіруге жеке немесе ұжымдық рұқсаттары болған кезде жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша жүзеге асырылады. Шекаралық аймаққа кіруге жеке немесе ұжымдық рұқсаттарын беру ішкі істер органдары жеке тұлғалардың өтініштері не заңды тұлғалардың қолдауы негізінде жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға – оларды тұрғылықты орны бойынша тіркелу жерінде;

2) Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға – Қазақстан Республикасында олардың уақытша болу орны бойынша не олардың шекаралық аймаққа кіруі жөнінде қолдау білдіруші заңды тұлғаның тіркеу жерінде.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне халықаралық теміржол және автомобиль қатынас жолдары бойынша қозғалу жағдайында, олардың шекаралық аймаққа кіруі жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша жүргізіледі. Осы санаттағы адамдарға жүру бағытын өзгертуге тыйым салынады.

4. Шекаралық аймаққа қызметтік іссапарларға, сондай-ақ емдеу мекемелеріне, демалыс үйлеріне, саяхатшылар базаларына баратын Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың кіруі жеке бастарын куәландыратын құжаттары бойынша, жол жүру мақсатын растайтын іссапар куәліктері, жолдамалар, туристік ваучерлер мен өзге де құжаттар бойынша жүргізіледі. Шекаралық аймаққа кіруге құқық беретін құжаттар әскери қызметшілердің қызметтік ұйғарымдары, өту куәліктері және демалыс билеттері болып табылады.

5. Парламент және маслихат депутаттарының, шекаралық аймаққа кіретін, аумақтық ведомствосына жататын, мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдар қызметкерлерінің шекара аймағына кіруі тиісті қызметтік куәліктері бойынша, жеке бастарын куәландыратын құжаттары бар болған кезде жүргізіледі.

6. Ұлы Отан соғысына қатысушылар, сондай-ақ жеңілдіктері мен кепілдемелері бойынша оларға теңестірілген адамдар шекаралық аймаққа (шекаралық белдеуге) жеке басын куәландыратын құжаттар және жеңілдіктер құқығын растайтын тиісті куәліктер бойынша кіреді.

41-бап. Шекара аймағында уақытша болу, тұру және жүріп-тұру

1. Шекаралық аймақта болған барлық адамдар одан өту кезінде өздерімен бірге жеке бастарын куәландыратын құжаттарының немесе осы Заң 40-бабында көрсетілген рұқсат беретін құжаттарының тұрақты түрде болуы қажет.

2. Қазақстан Республикасына жеңілдетілген өткізу пункттері арқылы кірген

шетелдіктер (шектес мемлекеттер шекара маңы аудандарының тұрғындары), егер мұндай шектес мемлекеттермен Қазақстан Республикасының халықаралық келісімдерінде көзделген болса, шекара аймағында жеке басын куәландыратын құжаттары және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі беретін арнайы рұқсат қағаздары бойынша жүріп-тұрады.

3. Шекара аймағына кіруді, уақытша болуды, тұруды және жүріп-тұруды бақылау, аталған тәртіп қолданылатын шекара аймағына кіретін жерлерді келісім бойынша белгілейтін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрілігіне жүктеледі.

42-бап. Шекара аймағында бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізу

1. Шекара аймағында бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізу Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін хабардар ете отырып, жүзеге асырылады.

2. Хабарламаны жоспарланған іс-шараны тікелей ұйымдастырушы енгізеді және онда іс-шараның сипаты, орны, уақыты және оған қатысушылар саны туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жергілікті атқарушы органдардың немесе өзге де уәкілетті органдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шекаралық және өзге де қауіпсіздігіне ықтимал шығын келтіру себептері мен жағдайын жоюға бағытталған қосымша шараларды қабылдау бойынша іс-шараны тікелей ұйымдастырушының атына ұсыныс енгізуге құқылы.

43-бап. Шекаралық режимді бұзу

Осы Заңға сәйкес белгіленген шекаралық аймақта кіру (өту), уақытша болу немесе жүріп-тұру, шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметті жүргізу, бұқаралық, қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шараларды өткізу тәртібін сақтамау шекаралық режимді бұзу болып табылады.

6-тарау. Аумақтық сулардың (теңіздің) және ішкі сулардың режимі

44-бап. Аумақтық сулардың (теңіздің) және ішкі сулардың режимі

1. Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) және ішкі сулары шегінде осы Заңда белгіленген аумақтық сулардың (теңіздің) және ішкі сулардың режимі қолданылады.

2. Аумақтық сулар (теңіз) және ішкі сулар режимінің негізгі мақсаты Мемлекеттік шекараны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының экономикалық, экологиялық, қорғаныс және өзге де мүдделерін олардың акваторияларында қорғау үшін қажетті жағдайларды жасау болып табылады.

**45-бап. Өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін
(су үсті және су асты) кемелердің және мұз
үстімен жылжитын құралдардың есебі**

1. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында пайдаланылатын қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелер және мұз үстімен жылжитын құралдары, оның ішінде шағындары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде есепке алынуы тиіс.

2. Кемелер мен мұз үстімен жылжитын құралдарды тіркеу аталған тәртібі Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Әскери теңіз Күштерінің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери корабльдеріне және өзге де кемелеріне, Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларда міндеттерін өз құзыреттері шеңберінде атқаратын уәкілетті органдарға, сондай-ақ халықаралық тасымалдауларды атқаратын тиісті теңіз немесе өзен айлақтарында тіркелген және онда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркеуден өткен ұйымдарға тиесілі өзге де қазақстандық кемелерге және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдарға тарамайды.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі күзететін Каспий теңізінің жағалауына, шекаралық өзендердің, көлдердің және өзге де су айдындарының жағасына уақытша келетін азаматтары бар қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелері және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде (оның жақын жердегі бөлімшесінде) уақытша есепке тұрғызылуы тиіс.

**46-бап. Өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты)
кемелерді және мұз үстімен жылжитын құралдарды ұстау**

1. Қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелер және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдар тиісті кемежайларға, жағадағы кеме аялдайтын орындарға және орналасу пункттеріне (оларды ұстау орны бойынша) тіркелуі және олардың тұрақтауы үшін тұрақты орны болуы тиіс.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті қазақстандық шағын өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың жеке типтеріне қатысты өзге тәртіп белгіленуі мүмкін, бұл туралы олардың иесінің тіркеу құжаттарында арнайы мөр қойылды.

3. Қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелерін (құралдарын) және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді

құралдарды тану үшін олардың иесі тұмсық бөлігінің және артқы жағының борттарына берілген тіркеу нөмірлері мен жазуларды жазады. Оларды ауадан тану үшін нөмірлері рубканың жоғарғы бөлігіне, ал ол болмаған кезде тұмсық бөлігіндегі арнайы жабдықталған алаңдарда жазылуы тиіс.

Көрсетілген талаптар олардың штаттық және штаттық емес құтқару құралдарына (шлюпкалар, дөңгелектер, белбеулер және т.с.с.) да қатысты.

47-бап. Өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелер және мұз үстімен жылжитын құралдар үшін кемежайлар, жағадағы кеме аялдайтын орындар және орналасу пункттері

1. Қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелер және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдар үшін кемежайлар, жағадағы кеме аялдайтын орындар және орналасу пункттері Каспий теңізінің жағалауларына, шекаралық өзендердің, көлдердің және өзге су айдындарының жағаларында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен келісілген тиісті жергілікті атқарушы органдардың рұқсаттары негізінде ұйымдармен жабдыкталады.

2. Кемежайлардың, жағадағы кеме аялдайтын орындардың және орналасу пункттерінің:

1) олардың аумағына бөгде адамдардың кіріп кету мүмкіндігін болдырмайтын қоршаулары;

2) суда және жағада тұратындарға бекіткіштер, сондай-ақ пайдаланылмайтын өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдарын сақтау үшін орындары;

3) аспалы моторларды, желкендерді және ескектерді сақтау үшін арнайы үй-жайлары;

4) күзет үшін үй-жайлары;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің тиісті бөлімшесімен байланысы болуы тиіс.

3. Ұйымдардың басшылары – кемежайлардың, жағадағы кеме аялдайтын орындардың және орналасу пункттерінің меншік иелері олардың тиісті жабдыкталуын, күзетін және байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің тиісті бөлімшесімен қамтамасыз етуге міндетті.

48-бап. Қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың аумақтық суларға (теңізге)

және ішкі суларға шығуы

1. Қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдарының) және мұз үстімен, жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдардың аумақтық суларға (теңізге) және ішкі суларға шығуының өзге де тәртіптері егер осы Заңда белгіленбесе, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі беретін рұқсаттамалар негізінде жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне рұқсаттамаларды алуға ұсынуларды енгізу кезінде жеке және заңды тұлғалар мен ұйымдар аумақтық суларға (теңізге) және ішкі суларға өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдардың шығу мақсаттары, уақыты және бағыты (аудандары), олардың типтері және тіркеу нөмірлері, сондай-ақ тіркелу орындары туралы мәліметтерді енгізеді. Енгізілетін ұсыныстар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің және Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелерімен келісілуі тиіс.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі шекара кеңістігінде із кесу іс-қимылын жүргізу кезінде рұқсаттардың қолданысын шектеуге немесе уақытша тоқтатуға құқылы, бұл туралы мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарға хабар беріледі.

4. Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) және ішкі суларына қазақстандық шағын өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдардың шығуы тек тәуліктің жарық уақытында кеш түскенге дейін олардың тіркелу орындары бойынша кемежайларға, жағадағы кеме аялдайтын орындарға және орналасу орындарына немесе жағалауға, егер де бұл кемелерге (құралдарға) қатысты ұстаудың өзге тәртібі анықталмаса, оралуымен ғана рұқсат беріледі.

5. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында өз құзыреттері шегінде міндеттерін орындайтын өзге уәкілетті органдардың (Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінен басқа) өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелері (құралдары) және мұз үстімен жылжитын құралдары шығулары туралы көрсетілген акваторийлерге шығу күнінің қарсаңында тәуліктің кез келген уақытында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне хабар береді.

6. Жергілікті атқарушы органдардың және ұйымдардың Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер аумақтық органдарымен келісілген ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті жыл сайын Каспий теңізінің жағалауы учаскелерінің тізбесін белгілейді, онда режимдік шектеулердің іс-әрекеті тоқтатылады – екі мильге дейінгі арақашықтықта теңізге еркін шығуға, белгіленген акваторияда ұйымдар мен заңды және жеке тұлғалар демалыс,

туризм және спорт үшін пайдаланатын қазақстандық шағын өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың жүзуіне және пайдалануына рұқсат етіледі.

7. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелерінің және мұз үстімен жылжитын құралдарының ұсталу, орналасу пункттерінен шығуы, қайта оралу есебін бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жүктеледі.

49-бап. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың жүзуі

(пайдалану) тәртібі

1. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдардың жүзуі және (немесе) оларды пайдалануы тек рұқсат етілген немесе белгіленген (айқындалған) аудандарда немесе навигациялық-гидрографикалық жабдықпен қамтамасыз етілген қозғалыстың белгіленген схемаларына сәйкес қана р ұ қ с а т е т і л е д і . О л а р ғ а :

1) рұқсат етілген немесе белгіленген (айқындалған) аудандардың шебінен тыс шығуға, қозғалыстың белгіленген кестесінен ауытқуға, теңіз жүзушілерінің хабарламасында ондай аудан немесе аймақ туралы жарияланған болса, жүзуге тыйым салынған немесе жүзу үшін уақытша қауіпті аудандарға, сондай-ақ жасанды аралдар, қондырғылар мен құрылыстар маңында белгіленген қауіпсіздік аймағына кіруге;

2) Осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге заңнамаларында, егер өзгеше тәртіп ескертілмеген жағдайда тоқтауға, адамдарды түсіруге (отырғызуға), әртүрлі жүктер мен тауарларды түсіруге (тиеуге), әртүрлі жүзу құралдарын суға түсіруге немесе бортқа қабылдауға, әртүрлі ұшу аппараттарын, соның ішінде пилотсызды ауаға көтеруге, қондыруға және бортқа қабылдауға тыйым салынады.

2. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің корабльдері мен катерлеріне белгіленбеген шамдарсыз түнгі уақытта жүзуге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайларда корабльдердің (катерлердің) командирлері өзге де кемелермен (құралдармен) соқтығысу, өзге де апаттық жағдайды тудыру мүмкіндігін болдырмайтын шаралар қабылдауы міндетті.

3. Қазақстан Республикасы аумақтық суларының (теңізінің) белгіленген аудандарында уәкілетті органдар қазақстандық өздігінен жүретін және өздігінен

жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын, оның ішінде шағын көлемді құралдардың жүзуін шектейді, ол туралы алдын ала теңізде жүзушілердің хабарламаларында хабар беріледі.

50-бап. Шетелдік кемелердің (құралдардың) және мұз үстімен жылжитын құралдардың, шетелдік әскери корабльдердің жүзу тәртібі

1. Осы заңның 45, 46, 48, 49, 52-баптарының талаптары Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында уақытша пайдаланылатын шетелдік өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелерге (құралдарға), мұз үстімен жылжитын құралдарға қолданылады.

2. Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) арқылы өтуді жүзеге асырушы шетелдік өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін (су үсті және су асты) кемелерге (құралдарға), шетелдік әскери корабльдер халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған нормаларын, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамасын сақтауы қажет.

3. Шетелдік әскери кораблінің Қазақстан Республикасы белгілеген оның аумақтық суларда (теңізде) жүзу тәртібін бұзу жағдайында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері одан бұл сулардан дереу кетуін талап етуі мүмкін.

51-бап. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында кәсіпшілік, зерттеушілік, іздеушілік немесе өзге де, оның ішінде жанды және жансыз табиғи ресурстарды сақтап қалуға бағытталған өзге де қызметті жүргізу

1. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларда кәсіпшілік, зерттеушілік, іздеушілік немесе өзге де, оның ішінде жанды және жансыз табиғи ресурстарды сақтап қалуға бағытталған өзге де қызметті жүргізу Қазақстан Республикасына экономикалық, экологиялық, қорғаныс және өзге де қауіпсіздігіне шығын келтірмеуі немесе сондай шығынды алып келу қаупін тудырмауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне және өзге де уәкілетті органдарға міндеттерді орындауға кедергі келтірмеуі тиіс.

2. Қазақстан Республикасының аумақтық суларына (теңізіне) шығуға Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне ұсыныс енгізу кезінде Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) теңіздік ғылыми зерттеулер және (немесе) іздеушілік қызмет жүргізу ниеті бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары және ұйымдары осы Заң 48-бабының 2-тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа:

1) жобаның мазмұны және мақсаты;

- 2) кеменің атауын, түрін және класын, ғылыми жабдықтардың сипаттамасын қоса отырып, пайдаланылатын әдіс пен құралдар;
- 3) жоба жүргізілетін аудандар бойынша нақты географиялық мәліметтері;
- 4) зерттеуші кемелердің немесе жабдықтарды орналастыру және алу жағдайларына сәйкес бірінші келуі мен нақты кетуінің жорамалды күні;
- 5) жүргізілетін жоба қомқорлығымен ұйым атауы туралы толық ақпаратты ұсынуға м і н д е т т і .

3. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) жүргізілетін ғылыми зерттеулер және (немесе) іздестіру қызметі туралы жұмыс басталар күнге дейін он күннен кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Әскери теңіз Күштерінің Гидрографиялық қамтамасыз ету қызметін хабардар етеді.

4. Аумақтық суларға (теңізге) және ішкі суларға, соның ішінде әуесқой балықшылардың, туристердің, спортшылардың мұз астында балық аулауға шығуы осы Заңмен белгіленген тәртіпке сәйкес жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында кәсіптік, зерттеушілік, іздеушілік немесе өзге де, соның ішінде жанды және жансыз табиғи ресурстарды сақтап қалуға бағытталған өзге де қызметті жүргізуді бақылау Ауыл шаруашылық министрлігіне, Қоршаған ортаны қорғау министрлігіне жүктеледі, олар өз қызметін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасы Ішкі істер Министрлігімен және Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп жүзеге асырады.

52-бап. Аумақтық сулардың (теңіздің) және ішкі сулардың режимін бұзу

1. Қазақстан Республикасы аумақтық суларының (теңізінің) және ішкі сулардың Осы заңмен белгіленген тәртіптібін бұзу:

1) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында шағын көлемді өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін (су бетіндегі және су астындағы) қазақстандық кемелерді (құралдарды) және мұз үстімен жылжитын кемелердің (құралдардың) суда болуын, орналасқан пунктіден шығуын және орналасқан пунктіне қайтып келуін есепке алу, ұстау;

2) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде) және ішкі суларында, шекара өзендері, көлдері және өзге де су қоймалары суларының қазақстандық бөлігінде кәсіпшілік, зерттеушілік, іздеушілік немесе өзге де қызметті жүргізу балып танылады.

2. Аумақтық сулардың (теңіздің) және ішкі сулардың режимін бұзумен байланысты құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, сондай-ақ осы тарауда көрсетілген өзге де уәкілетті органдар осы Заңға сәйкес заңсыз іс-әрекеттерді тоқтатуға қажетті барлық шараларды қолданады.

7-тарау. Континенттік қайраң режимі

53-бап. Континенттік қайраң режимі

1. Каспий теңізінде Қазақстан Республикасының континенттік қайраңы шегінде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және заңнамаларында белгіленген континенттік қайраң режимі қолданылады.

2. Қазақстан Республикасы жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы уәкілетті органының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен келісілген континенттік қайраң режимінің ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

3. Континенттік қайраң режимінің негізгі міндеті Қазақстан Республикасы континенттік қайраңының табиғи ресурстарын белгіленген тәртіппен барлау және өңдеу, оның экономикалық мүдделерін қорғау үшін қажетті жағдайлар туғызу жолымен қамтамасыз ету болып табылады.

4. Континенттік қайраң режимін бақылау жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы уәкілетті органға және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне жүктеледі.

54-бап. Континенттік қайраң режимін бұзу

1. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында және заңнамаларында белгіленген континенттік қайраңда қызметті жүзеге асыру тәртібін бұзу, табиғи ресурстар түбі мен жер қойнауын барлауды және өндеуді жүргізумен байланысты, соның ішінде жасанды аралдарды, қондырғыларды және ғимараттарды құру және пайдалану, оларды бұзылмайтындай ету және бөлшектеу, қалдықтарды және өзге де материалдарды көму, сондай-ақ ғылыми теңіз зерттеулерін жүргізу континенттік қайраң режимін бұзу болып танылады.

2. Континенттік қайраң режимін бұзумен байланысты құқық бұзушылық анықталған жағдайда, жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы уәкілетті орган және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті осы Заңға сәйкес заңсыз іс-әрекеттерді тоқтатуға қажетті барлық шараларды қолданады.

8-тарау. Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) саласындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарының құзыреті

55-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Сол арқылы Қазақстан Республикасының шекара саясатын қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстарды әзірлейтін Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Мемлекеттік шекара комиссиясының, сондай-ақ Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау үшін қажетті жағдайлар жасау бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың қызметін ұйымдастырады;

2) Мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз ету мәселесі бойынша нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

3) Мемлекеттік шекараны санаттау ережесін анықтайды;

4) шекара белдеуінің, карантин алқабының, шекара аймағының шегін белгілейді;

5) Каспий теңізіндегі аумақтық сулардың (теңіздің) енін есептеу үшін бастапқы сызығын, сондай-ақ аумақтық сулардың (теңіздің) сыртқы шегін анықтау үшін географиялық нүктелерді (негізгі геодезиялық деректерді көрсете отырып) белгілейді;

6) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде, сондай-ақ шектес мемлекеттердің өтініші бойынша уақытша шектеулерді енгізеді немесе Мемлекеттік шекараның жекелеген учаскелерін кесіп өтуді тоқтатады;

7) карантин режимін енгізе отырып, карантинді аймақты белгілейді немесе екі және одан көп облыстар аумағында оны өзгерту туралы шешім қабылдайды;

8) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерін орнату, ашу (жабу), қолдану (пайдалану), санаттау, жайластыру ережесін, Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі жұмысты техникалық жабдықтау және ұйымдастыру бойынша талаптарын анықтайды;

9) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің тізбесін анықтайды;

10) Мемлекеттік шекарадан Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріне дейінгі халықаралық теміржол және автомобиль қатынастары учаскелерін белгілеу және жабдықтау талаптарын және олар бойынша жүру тәртібін, сондай-ақ Мемлекеттік шекарада орналасқан шекаралық ынтымақтастық халықаралық орталықтары периметрінің қазақстандық бөлігін жабдықтау талаптарын белгілейді;

11) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізінде), ішкі суларда және континенттік қайраңда кәсіпшілікті іске асыратын қазақстандық кемелерге Мемлекеттік шекарадан бірнеше рет кесіп өтуге рұқсат алу тәртібін, осындай рұқсаттардың кеңістіктік және уақытша қолданысының шектерін, сондай-ақ нақты қазақстандық кемелерге бақылауды іске асыру тәртібін (ережесін) анықтайды;

12) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігімен келісілген жергілікті атқарушы органдардың ұсынысы бойынша шекара режиміне кіретін, жеке шектеулердің қолданысы алынып тасталуы немесе тоқтатыла тұруы мүмкін, шекара аймағына кіретін шекаралас аумақтар тізбесі белгіленеді;

13) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде іске асырылатын шаруашылық және өзге де қызметтің барлық түрлерінің тізбесін белгілейді;

14) шекаралық белгілерді орнатудың түрлерін, көлемдерін, сипаттамаларын, құрылымын және тәртібін анықтайды;

15) Қазақстан Республикасының аумақтық суларындағы (теңізіндегі) теңіз дәлізі және

қозғалыстарды бөлу схемасын белгілейді;

16) шекара кеңістігі шегінде Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) азаматтарды тарту ережесін бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының Конституциясында, заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

56-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің құзыреті

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) Мемлекеттік шекараны күзетуді тікелей қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін басқаруды жүзеге асырады ;

2) өзге де уәкілетті органдармен бірлесіп өзінің өкілеттілігі шегінде құрлықта, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда, континенттік қайраңда және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде Мемлекеттік шекараны қорғауды (күзетуді) ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, Мемлекеттік шекарада жеке адамның , қоғам мен мемлекеттің мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді;

3) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған барлау, қарсы барлау және жедел-іздігіру қызметін ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

4) Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Мемлекеттік шекараны қорғауды (күзетуді), оны жан-жақты қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жүзеге асыру бойынша қызметін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді және қабылдайды;

5) Мемлекеттік шекараны делимитациялауға, демаркациялауға және редемаркациялауға, шектес мемлекеттермен бірге Мемлекеттік шекара режимін белгілеу мақсатында қажетті құжаттарды және материалдарды даярлауға қатысады;

6) Қазақстан Республикасы шекаралық өкілдерінің қызметін ұйымдастырады және басқарады ;

7) шекаралық кеңістікте және халықаралық қатынас арналарында саяси, әлеуметтік-экономикалық және қылмыстық ахуалды, сондай-ақ шектес мемлекеттердегі Мемлекеттік шекарада Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатысты болуы мүмкін дағдарысты жағдайларды талдауды және болжам жасауды жүзеге асырады ;

8) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процессуалдық заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес алдын ала тексеру және іс жүргізуді жүзеге асырады, оны жүргізуге жататын істер бойынша анықтау (іс жүргізу) жүргізеді, шекара кеңістігінде ұсталған адамдардың құқықты бұзу жағдайларын анықтауға және тексеруге қатысады;

9) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету бойынша ережені б е к і т е д і ;

10) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзету бойынша ережені бекітеді;

11) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі әскери бөлімдерінің әскери шаруашылығы туралы ережені (бөлімшелерде, әскери бөлімдерде, кораблдерде, бірлестіктер мен құрамаларда) бекітеді;

12) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінде ж о с п а р л а у е р е ж е с і н б е к і т е д і ;

13) арнайы жабдықталған үй-жайларда әкімшілік ұстауға душар болған адамдарды ұ с т а у ғ а е р е ж е с і н б е к і т е д і ;

14) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі шекара нарядының басшысы туралы ережені бекітеді;

15) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің арнайы бірлестіктері, құрылымдары мен бөлімдері қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеттерін моральдық-психологиялық қамтамасыз етуді ұйымдастыру ережесін б е к і т е д і ;

16) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің штабтар қызметі бойынша ережені бекітеді;

17) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын жедел бүркемелеу е р е ж е с і н б е к і т е д і ;

18) Қазақстан Республикасының шекаралық саясаты мен Мемлекеттік шекарасын, континенттік қайраңын және аумақтық суларын (теңізді) күзетуді жедел қамтамасыз ету саласында барлау қызметін ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекітеді;

19) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрамалары мен бөлімдерінде шекара күзетінің техникалық құралдарын пайдалану е р е ж е с і н б е к і т е д і ;

20) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрамалары мен бөлімдерінде инженерлік-техникалық құралдардың жағдайын бағалау б о й ы н ш а н ұ с қ а у л ы қ т ы б е к і т е д і ;

21) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің органдары, оқу орындары мен құрылымдық бөлімшелерінде зымырандық-артиллериялық қару-жарақ пен оқ-дәрілерді есепке алу, пайдалану және қамтамасыз ету бойынша ережені бекітеді;

22) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің зымырандық-артиллериялық қару-жарағын жөндеуге, пайдалануға және техникалық қызмет көрсетуге арналған қосалқы бөлшектер, құралдар, керек-жарақтар, калибрлер жабдықтары, сүрту-майлау және басқа материалдардың шығыны мен сақталу нормалары туралы ережені бекітеді;

23) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарындағы

зымырандық-артиллериялық қару-жаракты санаттау ережесін бекітеді;

24) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарындағы танкіге қарсы басқарылатын реактивтік снарядтар мен оқ-дәрілерді санаттау бойынша ережені бекітеді;

25) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарында оқсауытқорын құру ережесін бекітеді;

26) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінде автотехникалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша ережені бекітеді;

27) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарындағы режимдік объектілер мен артиллериялық техникалық қару-жарак сақтау орындарының өртке қарсы қауіпсіздігі мен күзетін қамтамасыз ету ережесін бекітеді;

28) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдерін азық-түлікпен қамтамасыз ету ережесін бекітеді;

29) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің оқу орындарында оқу-баспа қызметін ұйымдастыру ережесін бекітеді;

30) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдерін киім-кешекпен қамтамасыз ету ережесін бекітеді;

31) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдерін жанар-жағармаймен қамтамасыз ету ережесін бекітеді;

32) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдерін ветеринариялық қамтамасыз ету ережесін бекітеді;

33) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери бөлімдерін пәтер-пайдаланумен қамтамасыз ету ережесін бекітеді;

34) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің авиациясын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын, Қазақстан Республикасының континенттік қайраңын және аумақтық суларын (теңізді) күзетуде қолдану ережесін бекітеді;

35) Қазақстан Республикасының теңізінде, өзендерінде және өзге де су қоймаларында шекаралық корабльдер мен катерлерді қолдану ережесін бекітеді;

36) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің арнайы бірлестіктерінде, құрамалары мен бөлімдерінде және Шекара Академиясында кинологиялық қызмет пен із кесуді ұйымдастыру ережесін бекітеді;

37) Мемлекеттік шекарада Қазақстан Республикасы шекаралық өкілдерінің қызметін ұйымдастыру ережесін бекітеді;

38) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің арнайы бірлестіктерінде, құрамалары мен бөлімдерінде және Шекара Академиясында аттарды қолдану ережесін бекітеді;

39) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде инженерлік қамтамасыз ету ережесін бекітеді;

40) Азаматтарды әскери қызметке шақыру кезеңінде шақырылым комиссиясының құрамына, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аумақтық органдары басшыларының орынбасарлары қатарынан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің өкілдерін бөледі;

41) Қазақстан Республикасының жергілікті әскери органдары ұсынған мәліметтер жиынтығы негізінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің қажеттілігі үшін шақырылым контингентіне мониторингі және іріктеуді жүзеге асырады;

42) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

57-бап. Қазақстан Республикасы кедендік органдарының құзыреті

Қазақстан Республикасының кедендік органдары:

1) Мемлекеттік шекарада жеке тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің экономикалық және өзге де мүдделерін қорғау бойынша іс-шараларды ұйымдастырады және өткізеді;

2) өз құзыреттілігі шегінде кедендік және өзге де бақылаудың түрлерін ұйымдастыруға жауап береді, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды Қазақстан Республикасына кіргізуге немесе Қазақстан Республикасының аумағынан шығаруға рұқсат беретін құжаттарды ресімдеуді жүзеге асырады;

3) осы Заң мен бірлескен нормативтік құқықтық актілер негізінде Мемлекеттік шекараны қорғауды қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне көмек көрсетеді;

4) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде режимді қамтамасыз ету мәселесі, олардың құзыретіне кіретін өзге де мәліметтер бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін хабардар етеді;

5) Кедендік одақтың сыртқы шекараларында автомобильдік өткізу пункттерінің инфрақұрылымын құрады;

6) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің балансында тұрған инженерлік-техникалық имараттарды, бөгеттерді, коммуникацияларды ұстауды жүзеге асырады, сондай-ақ пайдаланылатын жабдықтарды пайдалануды және сақтауды қамтамасыз етеді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

58-бап. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің құзыреті

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

1) Мемлекеттік шекараны делимитациялауға, демаркациялауға және

редемаркациялауға байланысты мәселелер бойынша Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін үйлестіреді, Мемлекеттік шекара режимі туралы шарттарды жасасу бойынша келіссөздерге қатысады;

2) Мемлекеттік шекараны қорғауда сыртқы саясатты, халықаралық-құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

3) өз құзіреті шегінде Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға Қазақстан Республикасына кіру және Қазақстан Республикасынан шығу құқығына құжаттарды рәсімдейді;

4) Қазақстан Республикасына қатысты шетел мемлекеттерінің шекара және виза саясатындағы, басқа мемлекеттердегі мемлекеттік шекара арқылы өту тәртібіндегі өзгертулер туралы, шектес мемлекеттермен мемлекеттік шекараны делимитациялау, демаркациялау немесе редемаркациялаудың жүргізілуі туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін ақпараттандырады;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі шекаралық өкілдері реттемеген Мемлекеттік шекарадағы оқыс оқиғаларды және ондағы Мемлекеттік шекара режимін сақтау мәселелерін дипломатиялық құралдармен жә н е ә д і с п е н ш е ш е д і ;

6) дипломатиялық өкілдіктердің, консулдық мекемелердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасында аккредиттелген оларға теңестірілген, халықаралық ұйымдар өкілдіктерінің қызметкерлеріне шекаралық және өзге де бақылау түрлерін жүзеге асыратын Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктіндегі үй-жайға және өзге де орындарға оларды кіргізу үшін рұқсаттама беруді жүзеге асырады;

7) шектес мемлекеттер шекара өкілдерінің тізімін айырбастауды жүзеге асырады;

8) Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) мәселелері бойынша халықаралық іс-шараларды өткізу кезінде уәкілетті органдардың лауазымды адамдарын шетелге іссапарға жіберуге қаражаттарды пайдалану бойынша шешім қабылдайды;

9) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

59-бап. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

1) дербес немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметімен бірлесіп шекаралық аймаққа кіруді, уақытша болуды, тұруды және жүріп-тұруды бақылауды жүзеге асырады;

2) шекара аймағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға куәлік, сондай-ақ шекаралық аймақта тұрақты тұрмайтын Қазақстан Республикасының азаматтарына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға жеке немесе ұжымдық рұқсат қағаздарының берілу тәртібін

- анықтайды, оны беруді жүзеге асырады;
- 3) шекаралық аймақта және шекара белдеуінде жаппай қоғамдық-саяси, мәдени және өзге де іс-шараларды өткізу кезінде қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді;
 - 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін шекаралық кеңістіктегі құқықтық тәртіптің жай-күйі, белгісіз жағдайлар кезінде тұрғылықты жерін тастап кеткен адамдар, қылмыстық топтар мен Мемлекеттік шекараға және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне қатысты құқыққа қарсы ұмтылысы бар адамдар туралы ақпараттандырады;
 - 5) Мемлекеттік шекараны бұзған адамдарды және өзге де құқық бұзушыларды іздестіруге, сондай-ақ құқық бұзу жағдайларын анықтауда және тексеруде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жәрдемдеседі;
 - 6) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіпте Мемлекеттік шекараны қорғауға ішкі істер органдарының күштері мен құралдарының қатысуын қамтамасыз етеді;
 - 7) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың жергілікті жердің жеке учаскелеріне немесе шекаралық кеңістікте орналасқан объектілерге кіруіне уақытша шек қояды немесе тыйым салады;
 - 8) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі қылмыс жасау бойынша күдікті және оған қатысты жолын кесу шарасы ретінде қамауға алуды қолданған қылмыстық іс жүргізу тәртібінде ұстаған адамдарды ішкі істер органдарының тергеу изоляторына, уақытша ұстау изоляторына және басқа да арнайы жабдықталған үй-жайларға қабылдайды және ұстайды;
 - 9) дербес немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетімен бірлесіп Қазақстан Республикасының халқын құқықтық тәрбиелеуге қатысады, шекара кеңістігінде құқық бұзушылықтардың алдын алуды жүзеге асырады;
 - 10) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**60-бап. Көлік және коммуникациялар
министрлігінің құзыреті**

Көлік және коммуникациялар министрлігі:

- 1) өз құзыреті шегінде Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің әуе, теміржол, теңіз (өзен) инфрақұрылымын жасайды;
- 2) шекара аймағына кіретін жерлерге ескерту (ақпараттық) белгілер орнатады;
- 3) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

61-бап. Жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілеттік органның құзыреті

Жер ресурстарын басқару саласындағы уәкілеттік орган:

1) өз құзыреті шегінде Мемлекеттік шекараның картографиялық материалдарда бейнеленуін бақылауды жүзеге асырады, шекара белгілерін геодезиялық анықтауды қамтамасыз етеді;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

62-бап. Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының құзыреті

1. Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары:

1) өз құзыреті шегінде Мемлекеттік шекараны қорғау үшін жағдайлар жасауға бағытталған нормативтік құқықтық актілерді шығарады;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін шекара кеңістігіндегі ахуалға қатысы бар мәселелер бойынша хабардар етеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) қажеттілігі үшін жер учаскелерін береді;

4) Мемлекеттік шекараны қорғауды (күзетуді) жүзеге асыратын уәкілетті органдарға көмек көрсетеді, олардың ұсынысын және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекет ету актілерін қарастырады және орындайды;

5) Қазақстан Республикасының шекаралық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесін жедел шешу үшін жауапты адамдарды тағайындайды және шекараға шектес аудандардың (қалалардың) әкімшіліктер жанында құрылатын шекара мәселелері бойынша үйлестіру кеңесінің іс-әрекетін ұйымдастырады, осы Заңның, Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) саласында өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын органдардың, қоғамдық бірлестіктер мен азаматтардың орындау функциясын үйлестіру жүктеледі;

б) азаматтардың Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) ерікті негізде қатысуы үшін жағдай жасайды.

2. Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдары өз өкілеттіктері шегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне Мемлекеттік шекараны қорғауды (күзетуді) қамтамасыз етуде көмек көрсетеді.

63-бап. Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезіндегі Қазақстан Республикасы уәкілетті мемлекеттік органдарының өзара әрекеттестігі

1. Осы Заңның 56-62-баптарында көрсетілген уәкілетті органдар Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) бойынша оларға жүктелген міндеттерді орындау кезінде

бір-біріне көмек көрсетеді;

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі:

1) Мемлекеттік шекарада өз күштері және Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысатын немесе өз қызметін жүзеге асыратын, Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) мүддесін қозғайтын уәкілетті органдардың өзара әрекеттестігін тікелей ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында белгіленген тәртіпте Мемлекеттік шекараны қорғауда (күзетуде) тиісті органдармен, шет мемлекеттердің әскерлерімен, флотымен өзара әрекеттестікті жүзеге асырады.

9-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі

64-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, оның міндеттері

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Мемлекеттік шекараның тұтастығын және қол сұғылмаушылығын қамтамасыз ету, шекара кеңістігінде заңдылық пен белгіленген тәртіпті сақтау мақсатында құрлықта (оның ішінде Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде), аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда (оның ішінде су асты ортасында (Каспий теңізінде) Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) арналған уәкілетті орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің міндеттері:

1) Мемлекеттік шекараның режимін және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режимді қамтамасыз ету;

2) Мемлекеттік шекара туралы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарынан шығатын міндеттерді орындау, оны демаркациялауға және қайта демаркациялауға қатысу;

3) Мемлекеттік шекарада Қазақстан Республикасын қорғанысы мен ұлттық қауіпсіздігінің міндеттерін шешуге қатысу;

4) Мемлекеттік шекарада және континенттік қайраңда Қазақстан Республикасының экономикалық мүддесін қорғауға қатысу;

5) шекаралық аймақта, аумақтық суларда (теңізде), ішкі суларда және континенттік қайраңда белгіленген режимдерді сақтауды дербес немесе уәкілетті органдармен бірлесіп бақылау;

6) шекара кеңістігіндегі азаматтарды, табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны қорғауда және көші-қон заңнамасын сақтауда Қазақстан Республикасының құқық қорғау, табиғатты қорғау органдарына көмек көрсетуі болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен өзге де міндеттер жүктелуі мүмкін.

65-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің іс-әрекеті

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Мемлекеттік шекарада, шекара кеңістігінде және Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша міндеттерді орындау кезінде өз іс-қимылын Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамалары негізінде жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының Президенті лауазымға тағайындайтын және лауазымнан босататын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Шекара қызметінің директоры басқарады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құрылымы, Шекара қызметі директорының құқығы мен Шекара қызметінің іс-әрекетін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы ережеде реттеледі.

66-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің міндеттері

Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі мыналарға міндетті:

1) Мемлекеттік шекараның өтуін заңсыз өзгертудің, келу тәртібінде Қазақстан Республикасының аумағын игерудің кез келген әрекеттерінің жолын кесуге;

2) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының қорғанысы бойынша міндеттерді шешуге, сондай-ақ төтенше және әскери жағдай режимдерін қамтамасыз етуге қ а т ы с у ғ а ;

3) Қазақстан Республикасының аумағына әскери құралымдар мен бандалардың әскери басып кіруіне тойтарыс беруге, Мемлекеттік шекарада қарулы және өзге де араңдатушылықтардың жолын кесуге, аталған қылмыстық қол сұғушылықтардан халықты, мемлекеттік және жеке мүлікті қорғауға;

4) Мемлекеттік шекарадан адамдардың және көлік құралдарының белгіленген өткізу пункттерінен тыс не өткізу пункттерінде заңсыз әдістермен өтудің алдын алу және оның жолын кесу, Мемлекеттік шекараны бұзушыларды және шекара кеңістігінде өзге де құқық бұзушылықтарды анықтауға және ұстауға;

5) тиісінше рәсімделген құжаттар болған және бақылау түрлері белгіленген өткізу пункттерінде өту кезінде Мемлекеттік шекара арқылы адамдарды, көлік құралдарын,

жүктерді өткізуді белгіленген тәртіпте жүзеге асыруға;

6) Мемлекеттік шекара режимінің және Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттеріндегі режимнің орындалуын, Мемлекеттік шекара туралы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарынан туындайтын міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге;

7) шекаралық режимнің, аумақтық сулар (теңіз) мен ішкі сулар режимінің және континенттік қайраң режимінің сақталуын дербес немесе уәкілетті органдармен бірлесіп бақылауға, шекаралық аймаққа кіретін орындарда бақылау бекеттерінің қызметін ұйымдастыруға;

8) оның құзыретіне кіретін құқық бұзушылықтардың алдын алуды жүзеге асыруға;

9) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өтетін адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне немесе Қазақстан Республикасынан шығуына құқық беретін құжаттарын тексеруге, оларға тиісті белгілер соғуға және ондай құжаттарды уқытша алып қоюға, сондай-ақ жарамсыз құжаттарды алып қоюға;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасына кіруге рұқсат етілмеген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, айыппұл салу туралы уәкілетті органдар сот шешімдері мен қаулыларының заңнамалық актіде белгіленген мерзімін орындамаған шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың кіруін шектеуге;

11) шетелде немесе Қазақстан Республикасында болған кезеңде жеке басын куәландыратын құжаттарын жоғалтып алған, Қазақстан Республикасының азаматтары мен өзге де адамдарды, олардың кім екені анықталғанға дейін Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде қалдыра отырып, өткізбеуге;

12) шекара кеңістігінде белгіленген режимдерді бұзуға негіздемесі бар адамдарға қатыстыларды ұстауды және жеке тексеруді жүзеге асыруға, құқық бұзушылық жағдайларын анықтау үшін әкімшілік ұстауға душар болған адамдарды ұстауға арналған арнайы жабдықталған үй-жайларға ондай адамдарды жеткізуге;

13) Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды, оларға қатысты шектес мемлекеттің билігіне оларды тапсыру туралы шешім қабылдаған немесе Қазақстан Республикасының шегінен әкімшілік жолмен кетіру туралы соттың шешімі барларға қатыстыларды ондай шешімдерді орындау үшін қажетті уақытқа ұстауға;

14) шекара кеңістігінде белгіленген режимдерді бұзуға жол берген көліктерді тоқтатуға және ұстауға, құқық бұзушылық жағдайларын анықтау үшін оларды Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшесіне орналастыруға жеткізуге (айдауылдауға);

15) Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге тыйым салынған жарылғыш, уландырғыш, радиоактивті, есірткі заттарын, қаруларды, оқ-дәрілерді, террор және диверсия құралдарын, өзге де жүктер мен тауарларды,

сондай-ақ контрабандалық жолмен өткізілетін жүктер мен тауарларды Мемлекеттік шекара арқылы өткізуді белгіленген тәртіпте дербес немесе уәкілетті органдармен бірлесіп ұстауға және алып қоюға;

16) әуе кеңістігінде Мемлекеттік шекараны күзетуге Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне көмек көрсетуге;

17) шекара кеңістігінде азаматтарды, табиғи ресурстарды және қоршаған ортаны қорғауда Қазақстан Республикасының құқық қорғау және табиғат қорғау органдарына көмек көрсетуге;

18) Мемлекеттік шекараны су асты ортасымен кесіп өтуге бақылауды жүзеге асыруға;

19) Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) мүддесінде су асты ортасында сүңгуір қайыққа қарсы және диверсияға қарсы іс-шараларды жүзеге асыруға;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы оның қарауына жататын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша хаттамалар құрастыруға және іс жүргізуге;

21) Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамаларына сәйкес оның қарауына жатқызылған істер бойынша анықтау жүргізуге;

22) Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігімен және сыртқы барлау саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасы ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәртібін белгілейтін, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін адамдардың күшімен қорғауды (күзетуді) жүзеге асыруға;

23) осы Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен қарастырылған өзге де міндеттерді орындауға міндетті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің инженерлік-техникалық құралдарын салу жабайы жануарларды көшіп-қондыру жолын есепке ала отырып, жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін физикалық қорғауды (күзетуді), Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне іссапарға жіберілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілері жүзеге асырады. Физикалық қорғау (күзету) қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінің тізімін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілері қызметтік міндеттерін орындау кезінде билік өкілдері болып табылады және мемлекеттің қорғауында болады: заң бойынша уәкілетті лауазымды адамдардан басқа ешкімнің де Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне араласуға құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне

жасақтау үшін Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке іріктеу, зерделеу және шақыру ерекшеліктері Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен Қазақстан Республикасының азаматтарын әскери қызметке шақыруды ұйымдастыру мен жүргізу ережелерімен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғау және күзету бойынша шекаралық нарядтарда, сондай-ақ шет елдердегі мекемелерді физикалық қорғау (күзету) бойынша қызмет атқару жауынгерлік кезекшілік (жауынгерлік қызмет) болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшісі Қазақстан Республикасының барлық аумағында атқарып отырған лауазымына, орналасу орны мен уақытына қарамастан, оған азамат шекара қауіпсіздігіне қауіп төндіруші оқиғалар туралы өтінішпен немесе хабарлаумен жүгінген жағдайда не олардың ондайларды тікелей анықтаған жағдайда:

- 1) құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасаған азаматтарды белгілеу және ұстау, оқиға орнын күзету жөнінде ықтимал шараларды қолдануға;
- 2) ол туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің жақын бөлімшесіне хабарлауға міндетті.

67-бап. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құқығы

1. Шекара кеңістігі шегінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Ш е к а р а қ ы з м е т і :

- 1) қажетті инженерлік-техникалық имараттарды, құрылыстар мен бөгеттерді салуға және орнатуға;
- 2) байланыс және коммуникация желілерінің құрылысын жүзеге асыруға, техника мен қару-жарақты орналастыруға және пайдалануға;
- 3) Мемлекеттік шекараны делимитациялауға, демаркациялауға және редемаркациялауға, шектес мемлекеттермен Мемлекеттік шекарадағы режимді орнату мақсатында қажетті құжаттар мен материалдарды әзірлеуге қатысуға;
- 4) кез келген жергілікті жер учаскелерінде (шекара нарядтарын орналастыруға), соның ішінде ерекше күзетілетін аумақтарда және табиғи қорғалатын аймақтарда болуға, сондай-ақ қызметтік міндеттерін орындау кезінде олар арқылы қозғалуға, шекара нарядтарының жүріп-тұруы үшін жер учаскелерінің иелерінен (жалға алушылардан) орындарды бөлуді, қоршаулар арқылы немесе өзге де бөгеттер арқылы өтетін өтпелерді тиісті жағдайда жабдықтауды және ұстауды талап етуге;
- 5) барлау, қарсы барлау және жедел-ізвестіру әрекетін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шекаралық саясаты мен Мемлекеттік шекарасын, континенттік қайраңын және аумақтық суларын (теңізді) күзетуді жедел қамтамасыз ету саласында барлау қызметін жүргізуге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануға;

6) өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының шекара саясатын іске асыру және шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында уәкілетті органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіруге, Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) мүддесін қозғайтын қызметті жүзеге асыратын өз күштері мен уәкілетті органдардың өзара әрекеттестігін ұйымдастыруға;

7) шекара кеңістігінде құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік қызметі Шекара қызметінің әрекетіне кедергі келтіретін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі ұсынысты орындауға міндетті мемлекеттік органдарға, қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдарға енгізуге;

8) халықаралық құқықтың жалпы танылған принциптері мен нормалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде шет мемлекеттердің шекаралық органдарымен Мемлекеттік шекараны қорғауда (күзетуде) өзара әрекеттестікті ұйымдастыруға және жүзеге асыруға;

9) Қазақстан Республикасының шекара өкілдерінің қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асыруға;

10) шектес мемлекеттердің шекара өкілдерімен Мемлекеттік шекара тәртібін сақтау, шекарадағы жанжалдарды реттеу, ақпарат алмасу мәселелері бойынша хат алмасуды жүргізу, осы Заңда белгіленген тәртіпте шекара мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізу үшін өзара уағдаластық бойынша Қазақстан Республикасының аумағына шектес мемлекеттердің өкілдерін шақыруға және шектес мемлекеттердің аумағына өтуге;

11) қоғамдық бірлестіктер мен ұйымдардан, уәкілетті органдардан Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне осы Заңмен жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті ақпараттарды сұратуға және өтеусіз алуға;

12) шекара кеңістігі шегінде еркін негізде Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) саласындағы міндеттерді шешуге ерікті жасақтар құрамында, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің штаттан тыс қызметкерлері ретінде қоғамдық бірлестіктер құрамындағы азаматтарды тартуға және өзге нысандарда Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезінде көзге түскен азаматтарды көтермелеуге;

13) Қазақстан Республикасының тұрғындарын құқықтық тәрбиелеуге қатысуға, шекара кеңістігінде құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған сақтандыру шараларын жүргізуге, тұрғындарды құқық бұзушылықтар, құқық бұзушыларды іздестіру туралы және өзге мақсаттарда халықты ақпараттандыру үшін бұқаралық ақпарат құралдарын қолдануға;

14) осы Заңда көзделген тәртіпте және жағдайларда қару-жарақты және әскери техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарларды және дене күшін қолдануға;

15) шекара кеңістігінде жасалған немесе жасауға дайындалып жатқан құқық бұзушылықтар туралы өтініштерді немесе хабарламаны қарауға, оларды тіркеуге және

олар жөнінде тиісті шаралар қолдануға;

16) Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) бойынша міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін мамандандырылған есепке алу мен ақпараттық жүйелерді құруға және пайдалануға;

17) Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) саласында іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізуге;

18) Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысатын әскери қызметшілердің киім үлгісі мен жабдығын анықтауға;

19) Қазақстан Республикасының кедендік органдарымен бірлесіп Мемлекеттік шекара арқылы өткізілетін көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды белгіленген тәртіпте тексеруді жүзеге асыруға;

20) көлік құралдарын алып жүруге және оларға шекара нарядтарын қоюға;

21) Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен бірлескен шешімде анықталатын тәртіпте Мемлекеттік шекара күзетін күшейту кезінде олар бөлетін күштер мен құралдарды пайдалануға;

22) құқық бұзушыларды аңду кезінде бөгетсіз (қажет кезде бекіту құрылғыларын істен шығарумен) кез келген тәулікте шекара кеңістігі шегінде азаматтардың тұрғын және тұрғын емес үй-жайларына, жеке меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың аумақтары мен үй-жайларына кіруге, сондай-ақ оларды (24 сағат ішінде тиісті прокурорға хабарлай отырып) қарап шығуға;

23) шекаралық іздестірулер мен операцияларды, өзге де іздестіру әрекеттерін өткізу кезінде шекара кеңістігі шегінде бақылау посттарын өздігінен орнатуға, адамдар мен көлік құралдардың қозғалысын уақытша шектеуге немесе тыйым салуға, жеке жергілікті жер учаскелеріне азаматтарды жібермеуге, адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында оларға осы учаскелерді тастауын немесе сонда қалуын міндеттеуге;

24) Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төнген кезде Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы және өзге де уәкілетті органдарына хабарлай отырып, қорғаныс мақсатындағы жұмыстарды, халықаралық міндеттерді орындау мен табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кездегі салдарды жоюға байланысты жұмыстарды қоспағанда шекара өңірінде әртүрлі жұмыстарды жүргізуді уақытша шектеуге;

25) қызметтік мақсаттарда байланыс құралдарын, ал Қазақстан Республикасының аумағына басып кірушілікке тойтарыс берген, Мемлекеттік шекарадағы заңсыз жаппай өтуге және өзге де арандатуларға кедергі келтірген, іздестіру іс-шараларын жүргізген, құқық бұзушылықтарды жасауға күдікті адамдарды, жеке меншік нысанына қарамастан ұйымдардың көлік құралдарын, ал қажет жағдайларда – Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен олардың талаптары бойынша алдағы уақытта

иелеріне шығындардың не келтірілген зиянның орнын толтыра отырып, азаматтардың көлік құралдарын жеткізген кезде пайдалануға;

26) Мемлекеттік шекарадан өту, Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында жүзу кезінде немесе кемелер қазақстан порттарында тұрған кезде құқық бұзушылықтарға жол берген шетелдік әскери емес кемелер экипаждары мүшелерінің және онда болған өзге де адамдардың жағаға шығуына және жағада болуына тыйым салуға;

27) азаматтардан Мемлекеттік шекарада белгіленген тәртіпті сақтауларын, Қазақстан Республкасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің құқыққа қарсы іс-әрекеттерін, кедергі келтіретін әрекеттерін тоқтатуды талап етуге, бұл талаптарды орындамаған жағдайда мәжбүрлеудің тиісті шараларын қабылдауға;

28) шекара кеңістігінде құқық бұзушылықтардың жолын кесу кезінде фото және бейне түсірілімді жасауға, одан әрі оларды қылмыстық немесе әкімшілік істерге тіркеу мақсатында заттай айғақтарды жинауға бағытталған өзге де шараларды жүзеге асыруға;

29) әкімшілік ұстауға тартылған адамдарды осындай мақсаттар үшін арнайы жабдықталған үй-жайларда, ал олар жоқ жерлерде санитарлық нормаларға сәйкес келетін үй-жайларда ұстауға;

30) қылмыс жасады деген күдік бойынша қылмыстық іс жүргізу тәртібімен ұсталған және қамауға алу түрінде жолын кесу шарасы қолданған күдікті адамдарды ішкі істер органдарының тергеу изоляторларына, уақытша ұстау изоляторларына және басқа да арнайы жабдықталған үй-жайларда орналастыруға;

31) шекара кеңістігінде белгіленген режимдерді бұзудың оларға белгілі жағдайлары туралы олардан түсініктемелер алу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшелеріне немесе өзге де жерлерге адамдарды шақыруға;

32) қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасында автомобильдік өткізу пункттерінің инфрақұрылымын жасауға;

33) Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінің балансында тұрған инженерлік-техникалық имараттарды, бөгеттерді, коммуникацияларды ұстауды жүзеге асыруға, сондай-ақ пайдаланылатын жабдықты пайдалану мен сақтауды қамтамасыз етуге;

34) автоматты немесе қол режимінде радиациялық бақылау техникалық құралдарын пайдалана отырып, кедендік органдары жоқ, мемлекеттік шекара арқылы өткізу пункттерінде радиациялық бақылауды жүзеге асыруға;

35) радиоактивтік заттарды құрайтын инспекциялық-тексеріп қарау кешендерін пайдалануды ұйымдастыруды жүзеге асыруға, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздік органдарында радиоактивтік заттарды құрайтын немесе иондаушы сәуле өндірілетін радиоактивтік заттармен, аспаптармен және аппаратуралармен жұмыс істеген кезде радиациялық қауіпсіздікті бақылауға;

36) Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттерді жүзеге асыруға құқылы.

2. Аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда, шекаралық өзендер, көлдер және өзге де су айдындар суларының қазақстандық бөлігінде қазақстандық және шетелдік (су үсті және су асты) кемелерге, мұз үстімен жылжитын құралдарға қатысты Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі:

1) егер олар туын көтермесе, сұрау қою сигналдарына жауап бермесе, бағытты өзгерту талаптарына бағынбаса немесе өзге де халықаралық құқықтың жалпы танылған принциптері мен нормаларын бұзса, оны тоқтатып, (кемені, әскери корабльді, мұз үстімен жылжитын құралды тексеру нәтижелері бойынша оларға белгіленген тәртіпті сақтай отырып, Қазақстан Республикасының суларында жүзуін (болуын) жалғастыруға рұқсат етілуі, Қазақстан Республикасының суларынан кету ұсынылуы мүмкін не олар осы Заңның талаптарына сәйкес ұсталуы мүмкін болады) тексеру жүргізуге;

2) кемеден, әскери корабльден, мұз үстімен жылжитын құралдардан құқық бұзушылық жасаған және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылатын адамдарды түсіруге және ұстауға, бұл адамдарды, егер өзге Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделмеген болса, анықтау және тергеу немесе әкімшілік органдарына т а п с ы р у ғ а ;

3) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары мен заңнамасын бұзған кемелердің (әскери корабльдердің, мұз үстімен жылжитын құралдардың) егер тоқтау туралы көзбен көру немесе дыбыстық сигналды (олар бұл сигналды көретіндей немесе еститіндей қашықтықтан) бергеннен кейін ізіне түсу Қазақстан Республикасының суларында басталса және үздіксіз жүргізілсе, олар өз елінің немесе үшінші мемлекеттің аумақтық суларына кіргенге дейін, Қазақстан Республикасының аумақтық сулары (теңізі) шегінде ізіне түсуге және ұстауға.

3. Қазақстан Республкасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Мемлекеттік шекараны су асты ортасында күзету кезінде:

1) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында, сондай-ақ оның шегінен тыс шет мемлекеттердің шекарасына дейін Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту қатері туындаған кезде немесе заңсыз кесіп өту кезінде су асты объектілерін танып айыру (жіктеу) үшін өзінде бар құралдарды пайдалануға;

2) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында су асты ортасының жағдайын анықтау үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өзге де уәкілетті органдардың күштері мен құралдарын тартуға;

3) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында су асты объектілері табылған кезде бұл суларға кіру мақсаты туралы сауалнама жүргізуге, курсты өзгертуді талап етуге, оларға су асты жағдайынан шығуды ұсынуға, өз туын көрсетуге, тоқтатуға және оларға тексеру жүргізуге, табылған су асты

объектілерінің іс-әрекетіне ескерту жасау немесе оны тоқтату жөнінде өзге де
ш а р л а р д ы қ а б ы л д а у ғ а ;

4) құқық бұзушылық жасаған және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке жатқызылған адамдарды ұстауға, бұл адамдарды анықтау және тергеу органдарына немесе әкімшілік органдарға беруге;

5) Қазақстан Республикасының аумақтық суларында (теңізде) және ішкі суларында Мемлекеттік шекарадан өтудің және (немесе) жүзудің белгіленген тәртібін бұзған су асты құралдарын ұстауға, құқық бұзушылықтың жағдайын анықтау үшін оларды Қазақстан Республикасының порттарына, өзге де орындарға жеткізуге (алып бару), бұл құралдарды анықтау және тергеу органдарына немесе әкімшілік органдарға беруге;

б) қару-жарақтар мен әскери техникаларды Қазақстан Республикасының заңдарына с ә й к е с қ о л д а н у ғ а қ ұ қ ы л ы .

4. Қазақстан Республикасының аумағында шекаралық іздестірулер және операциялар жүргізу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі оған берілген құқықтарды шекара кеңістігінің шебінен тыс жерлерде д е қ о л д а н а а л а д ы .

5. Қызметтік міндеттерді шешу кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері пайдаланатын корабльдерге, ұшақтарға және тікұшақтарға (өзге де ұшу аппараттарына) м ы н а д а й ө т е у с і з қ ұ қ ы қ б е р і л е д і :

1) Қазақстан Республикасының су және әуе кеңістігін, теңіз және өзен айлақтарын, әуежайларды және аэродромдарды (қону алаңдарын) олардың тиістілігіне және мақсатына қ а р а м а с т а н п а й д а л а н у ;

2) навигациялық, метеорологиялық, гидрографикалық және өзге де ақпаратты алу;

3) ұшуларды және корабльдерді жүргізуді қамтамасыз ету.

6. Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерін физикалық қорғауды (күзетуді) жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілері Қазақстан Республикасының заңдарымен және барған мемлекеттермен жасалған халықаралық шарттармен қарастырылған тәртіппен жағдайда қару-жарақтарды, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, сондай-ақ дене күштерін қолдануға және тасымалдауға, асынып жүруге, сақтауға құқылы.

10-тарау. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құзыреті

68-бап. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері:

1) әуе кеңістігінде Мемлекеттік шекараны қорғауды (күзетуді) ұйымдастырады ж ә н е қ а м т а м а с ы з е т е д і ;

2) осы Заңда және Қазақстан Республикасының басқа да заңдарында белгіленген

жағдайларда және тәртіппен құрлықта, аумақтық суларда (теңізде) және ішкі суларда, сондай-ақ су асты ортасында Мемлекеттік шекараны күзету мен қорғауға қатысады;

3) өз құзыреті шегінде Мемлекеттік шекара режимін бұзумен байланысты дау-жанжалдарды шешуге қатысады, осы мақсаттар үшін өзге де уәкілетті органдарды т а р т а д ы ;

4) теңіз дәліздері мен аумақтық сулардағы (теңіздегі) қозғалыстарды бөлу схемасын белгілеу бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

5) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жағдайларда және тәртіпте Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) бойынша іс-шараларды орындау үшін уәкілетті органдардың күштері мен құралдарын тартады;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Мемлекеттік шекараны қорғауды (күзетуді) қамтамасыз етуде көмек көрсетеді;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

69-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері

Әуе қорғанысы күштерінің құзыреті

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс Күштерінің Әуе қорғанысы күштері әуе кеңістігінде Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезінде:

1) мемлекеттік шекарадан өту тәртібін сақтауға бақылауды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен және (немесе) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзған Қазақстан Республикасының аумағында әуе кемелері ұшуларының жолын кеседі және қонуына ш а р а л а р қ о л д а н а д ы ;

3) кеме экипаждарының іс-қимылдарын жасау кезінде байқаусызда мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен әуе кемелеріне олардың бағдарын қалпына келтіру, Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайына (айлаққа) қондыру немесе Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі шегінен шығару арқылы көмек көрсетеді;

4) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Мемлекеттік шекараны қорғауда (күзетуде) көмек көрсетеді.

2. Қазақстан Республикасының Қорғаныс Күштері Әуе қорғанысы күштері:

1) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумақтық суларының (теңізінің) шегінен тыс шет мемлекеттердің шекарасына дейін олардың Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту қаупі туындаған кезде немесе заңсыз кесіп өткенде әуе кемелерін тану үшін қолда бар құралдарды п а й д а л а н у ғ а ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте Қазақстан

Республикасының әуе кеңістігіндегі жағдайды анықтау үшін басқа да уәкілетті органдардың күштері мен құралдарын тартуға;

3) әуе кеңістігінде Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өту қаупі немесе заңсыз кесіп өту туындаған кезде Қазақстан Республикасы әуе кеңістігінің жеке аудандарында әуе кемелерінің ұшуларына тыйым салуға немесе шектеуге;

4) әуе кемесінен Қазақстан Республикасының әуе кеңістігіне ұшып келу мақсаттары немесе ұшу жоспарынан бас тарту себептері туралы ақпаратты хабарлауды талап етуге;

5) кеме экипаждарының іс-қимылдарын жасау кезінде байқаусызда Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен әуе кемелеріне олардың бағдарын қалпына келтіру, Қазақстан Республикасының аумағындағы әуежайына (айлаққа) қондыру немесе Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінің шегінен тыс шығару арқылы көмек көрсетеді, бағыты тыйым салынған немесе ұшулар үшін уақытша қауіпті аудандарға апаратын әуе кемесінің бағытын өзгертуді ұсынуға;

6) Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтудің алдын алу немесе тоқтату жөнінде шаралар қолдануға, қажет болған жағдайда әуе кемесінің экипажынан көрсетілген жерге, соның ішінде мәжбүрлеу тәртібінде қонуын жүзеге асыруды талап етуге;

7) Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен және (немесе) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзған әуе кемелерінің экипаж мүшелерін (Қазақстан Республикасының аумағына қонғаннан кейін) құқық бұзу жағдайларын анықтау үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің бөлімшесіне және өзге де жерлерге шақыруға;

8) құқық бұзушылық жасаған және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылатын адамдарды ұстауға, бұл адамдарды анықтау және тергеу немесе әкімшілік органдарына тапсыруға;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қару-жарақты және жауынгерлік т е х н и к а н ы қ о л д а н у ғ а ;

10) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқылы.

**70-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері
Әскери-теңіз Күштерінің Мемлекеттік шекараны
(Каспий теңізінде) қорғауға (күзету) тартылған
кездегі құзыреті**

1. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әскери-теңіз Күштері Мемлекеттік шекараны (Каспий теңізінде) қорғауға (күзету) тартылған кезде:

1) Мемлекеттік шекараны су асты ортасында кесіп өтуге бақылауды жүзеге асыруға қ а т ы с а д ы ;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мүддесінде сүңгуір қайыққа қарсы, соның

ішінде су асты-диверсиялық қорғанысын жүзеге асыруға жәрдемдеседі;

3) Қазақстан Республикасының Заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттікті жүзеге асырады.

11-тарау. Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезінде қару-жарақты пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарларды және дене күшін қолдану

71-бап. Қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарларды және дене күшін қолдану жағдайы және шегі

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері шекаралық кеңістік шегінде қаруды және арнайы құралдарды алып жүруге, сақтауға, қолдануға құқығы бар, сондай-ақ жауынгерлік техниканы, қызметтік жануарлар мен дене күшін қолдануы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарларды және дене күшін қолдануға байланысты жағдайларда әрекет етуге жарамдылығына арнайы дайындықтан, жыл сайынғы тексеруден өтуге міндетті.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезінде, қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында немесе құқық бұзған адамды ұстау кезінде, штаттық қару мен арнайы құралдары болмаған не оларды қолдану мүмкіндігі болған кезде, қолына түскен кез-келген құралдарды пайдалануға құқылы.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметін Қазақстан Республикасының арнайы мемлекеттік және құқық қорғау органдары өткізетін іс-шараларға тартқан жағдайларда қару-жарақ пен жауынгерлік техника, арнайы құралдар, қызметтік жануарлар және дене күші іс-шараға бастамашы органның әрекетін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқытық актілеріне сәйкес қолданылады.

5. Азаматтардың, әскери қызметшілердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін, сондай-ақ олар қарулы шабуыл жасаған немесе топпен шабуыл жасаған, қарулы қарсылық көрсеткен, кепілге адамдарды, объектілерді, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемелерін алған жағдайларды қоспағанда, әйелдерге, мүгедектік белгілері анық

білінетін адамдарға және кәмелеттік жасқа толмағандарға қатысты қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарлар мен дене күшін қолдануға тыйым салынады.

6. Қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы қолдануға тыйым салынады:

1) егер олар Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нақты қауіп төндірмесе, су үсті, су асты, әуе кемелері, ұшу аппараттары мен мұз үстімен жылжитын құралдары, сондай-ақ жолаушылары бар өзге де көлік құралдары бойынша;

2) егер бұл нағыз байқаусызда, абайсыз жағдайға байланысты немесе табиғаттың жойқын күштерінің ықпалымен болғанда, Мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өткен немесе кесуге әрекет еткен адамдарға қатысты;

3) Мемлекеттік шекараны кесіп өткен немесе кесіп өтуге әрекет еткен жабайы және үй жануарларына қатысты.

7. Қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарларды және дене күшін қолданудың барлық жағдайларында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері қоршаған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және зардап шеккендерге жедел көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдауға міндетті.

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері осы Заңда көзделген жағдайларда қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды қызметтік жануарлар мен дене күшін қолдануға байланысты, оның ішінде:

1) құқық бұзушылардың іс-әрекеттері мен (немесе) көлік құралдарының қауіпті немесе күтпеген маневрлері;

2) оқтың (снарядтардың) ұшу траекториясын өзгерту олардың ауытқып кетуінің салдары;

3) құқық бұзушылар көлік құралдарын сындыру немесе бұзу нәтижесінде келтірілген моральдық, материалдық зиян және дене зақымы үшін жауапты болмайды.

9. Шекаралық кеңістікте белгіленген рижимдерді бұзушылықтың жолын кесу кезінде қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарларды және дене күшін қолданудың әрбір жағдайы бойынша он екі сағаттан кешіктірмей тиісті прокурор ақпараттандырылады.

72-бап. Қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы қолдану

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) кезінде қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы қолданады:

1) Қазақстан Республикасының аумағына қарулы басып кіруге және қарулы шабуыл жасауға тойтарыс беру, Мемлекеттік шекарада қарулы араңдатудың жолын кесу үшін;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің,

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бөлімшелеріне, Мемлекеттік шекараны қорғауға қатысатын Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына қарулы шабуыл жасауға тойтарыс беру үшін;

3) Мемлекеттік шекараны кесіп өткен (кесіп өтуші) және қарулы қарсылық көрсеткен адамдарға, су үсті, су асты, әуе кемелеріне, ұшу аппараттарына және мұз үстімен жылжитын құралдарға, сондай-ақ өзге де көлік құралдарына не олардың күш қолдануына жауап беруге қарсы;

4) су үсті, су асты (қозғалысты немесе ұшуды тоқтату), әуе кемелерінің, ұшу аппараттарының, оның ішінде пилотсыз және мұз үстімен жылжитын құралдардың, сондай-ақ өзге де көлік құралдарының аялдауы үшін, олардың бұзылу жолымен, олардың аялдау немесе бағытты өзгерту туралы талаптарды орындалмау жағдайында, бұзушылықты тоқтатқанда немесе оларды ұстау басқа да құралдармен жүзеге асырылмауы мүмкін;

5) су үсті, су асты, әуе кемелерінің, ұшу аппараттарының, оның ішінде пилотсыз және мұз үстімен жылжитын құралдарды, сондай-ақ өзге де жолаушыларсыз көлік құралдарын шекарадан ұрлап әкетудің алдын алу үшін;

6) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері мен объектілеріне, Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) бойынша қызметтік міндеттерді немесе қоғамдық борышын орындап жүрген өзге де азаматтарға, олардың отбасы мүшелеріне жасалған шабуылға (оның ішінде қарусыз), олардың өміріне тікелей қатер төнген кезде оған тойтарыс беру үшін;

7) азаматтарды олардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан қорғау, сондай-ақ кепілге алынғандарды босату үшін;

8) әскери қызметшілердің немесе азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндірген хайуандардың шабуылынан қорғау үшін;

9) өзге де құқық бұзушылардың алдын алу және айқындау, жолын кесу үшін, сондай-ақ қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілері шекара кеңістігінде дабыл белгісін беру үшін немесе көмек шақыру үшін қару пайдалануға құқығы бар.

2. Қару-жарақ пен жауынгерлік техника:

1) қарулы басып кіру мен қарулы шабуылға тойтарыс беру үшін;

2) қарулы қарсылық көрсеткен кезде;

3) әскери қызметшілер мен өзге де азаматтарға кенеттен шабуыл жасаған кезде;

4) қарумен ұсталған адамдардың қашуы кезінде қолданылуы мүмкін.

3. Басқа жағдайларда қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы қолданардың алдында оны қолдану ниеті туралы және (немесе) ескерту мақсатында оқ атылуы тиіс.

73-бап. Арнайы құралдарды қолдану

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне, Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне Мемлекеттік шекараны қорғау кезінде қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы қолдануға құқық берілген барлық жағдайларда арнайы құралдар қолданылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері шекара кеңістігінде:

1) Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысушы, әскери қызметшілерге қарсылық көрсеткен немесе қасақана кедергі жасаған, құқық бұзушыларды, өзге де адамдарды ұстау және қарусыздандыру үшін оларға жүктелген қызметтік міндеттерді немесе қару, оқ-дәрілер, жарғыш, улы, радиактивті, есірткі және өзге де еркін ұстауға тыйым салынған заттарды өзімен заңсыз ұстаған адамдарға қатысты;

2) Мемлекеттік шекараны (кесіп өту әрекетінде) көптеген қаруланбаудың алдын алу жағдайларында және шекара кеңістігіндегі көптеген тәртіпсіздікке батыл шара қолдану, топтық құқық бұзушылардың іс-қимылдарындағы өмірге, денсаулыққа, құқыққа, бостандыққа, азаматтардың жеке қасиеті мен жекеменшігі немесе мемлекеттің қауіпсіздігіне қастандық жасағанда;

3) айдауылдау және күзету кезінде тұтқындалған адамдар егер негіздемелер жеткілікті болса, олар қашуды іске асыруы, айналаға немесе өз денсаулықтарына қауіп-қатер төндіруі мүмкін;

4) құқық бұзушылардың жеке басын анықтау, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында егер қажет болса, тұтқындарды жеткізуге, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі хаттаманы жасау, егер хаттаманы жасау міндетті болып табылса, оны орнында жасау мүмкін болмаса;

5) объектілер мен көлік құралдарын ашу, сондай-ақ құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында оларды бөлшектеу үшін;

6) өзге құқық бұзушылықтардың алдын алу және айқындау, жолын кесу үшін, сондай-ақ қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында.

74-бап. Қызметтік жануарлар мен дене күшін қолдану

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінде Мемлекеттік шекараны (күзетін) қорғау кезінде қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы және арнайы құралдарды қолданудың құқық беретін барлық жағдайларында қызметтік жануарлар мен дене күші қолданылуы мүмкін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшілері шекара кеңістігінде, сондай-ақ қызметтік жануарларды және дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдануға:

1) құқық бұзушыларды іздеу және ұстау үшін;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге не еркін ұстауға тыйым салынған заттарды, материалдарды, құралдарды, бұйымдарды іздеу және табу мақсатында

адамдарды, көлік құралдарын, жүктер мен тауарларды адамдарды тексеруге;

3) өзге де құқық бұзушылықтардың алдын алу, табу және жолын кесу үшін, сондай-ақ қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында арнайы құралдарды қолдануға құқығы бар.

75-бап. Мемлекеттік шекараны қорғау саласындағы өзге де уәкілетті органдардың қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарлар мен дене күшін қолдану

Мемлекеттік шекараны қорғау саласындағы өзге де уәкілетті органдардың осы Заңға және Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілеріне сәйкес қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы, арнайы құралдарды, қызметтік жануарлар мен дене күшін қолданады.

12-тарау. Азаматтардың Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысуы, олардың құқықтық қорғалуы

76-бап. Азаматтардың Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысуы

1. Шекаралық кеңістік шегінде азаматтар ерікті түрде ерікті жасақтар және өзге нысандар құрамында Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысады.

2. Азаматтарды ерікті жасақтар және өзге де нысандар құрамында Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) тарту тәртібін, ондай тартудың нысандары мен түрлерін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

3. Мемлекеттік шекараны күзетуге (қорғауға) қатысушы азаматтар өз қызметін заң принциптері, құрметтеу және адам мен азаматтың құқықтарын және бостандығын сақтау негізінде жүзеге асырады.

4. Қазақстан Республикасы азаматының қоғамдық бірлестіктер (ерікті жасақтар) құрамында Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысу мүмкіншілігін болдырмайтын жағдай болып:

- 1) қылмыстық жауапкершілікке тарту;
- 2) бірнеше рет (жыл бойы екі немесе одан да көп) қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасау;
- 3) шекара кеңістігі немесе Қазақстан Республикасы шегінен тыс тұрақты тұруға кету;

4) Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) оның одан әрі қатысуын болдырмайтын жағдайлардың пайда болуы (психикасының ауытқуының анықталуы, алкогольді, нашақорлық немесе уытқұмарлық аурулар, Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен тізбеге сәйкес басқа да қоршаған ортаға зиян туғызатын аурулар, азаматтың өлімі);

5) Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) одан әрі қатысқысы келмеуі болып табылады.

77-бап. Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысатын азаматтардың құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға (күзетуге) қатысатын адамдар (бұдан әрі – Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысатын азаматтар) :

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшесін оларға мәлім болған шекара кеңістігіндегі дайындалып жатқан, не болмаса жасалған құқық бұзушылық фактілері бойынша шұғыл түрде хабардар етуге;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда азаматтардың талабы бойынша Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) олардың қатысу заңдылығын растайтын куәлігін ұсынуға;

3) құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған азаматтарға оларға қолданылатын мәжбүрлеу шараларының негізін түсіндіруге;

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшелерінде Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) бойынша іс-шараларға қатысу алдында құқықтық дайындақтан өтуге міндетті.

2. Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысатын адамдар:

1) бақылау және қадағалау функцияларымен байланысты емес Мемлекеттік шекараны қорғау (күзету) іс-шараларында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметіне көмек көрсетуге;

2) шекара кеңістігінде құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге;

3) құқық бұзушылықтардың жолын кесу және құқық бұзушыларды ұстау мақсатында дене күшін және өзге тәсілдермен белгіленген мақсатқа қол жеткізуге мүмкіндік болмаса, басқа құралдарды қолдануға;

4) заңдармен көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің бөлімшелеріне, құқық қорғау және өзге де уәкілетті органдарға шекара кеңістігінде құқық бұзушылықты жасаған адамдарды ұстауға және жеткізуге;

5) Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің өкілдерімен бірлесіп шекара кеңістігінде құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған іс-шараларды жүргізуге;

6) азаматтардан шекара кеңістігінде белгіленген режимдерді сақтауды талап етуге құқығы бар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға (күзетуге) қатысатын адамдардың заңды талабын азаматтардың орындауы міндетті.

3. Мемлекеттік шекараны күзетуде (қорғауда) осы адамдардың жәрдемдесуіне байланысты Мемлекеттік шекараны қорғауға (күзетуге) қатысатын адамдар мен

олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қарсы әрекеттер жасауы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын қорғауға (күзетуге) қатысатын адамдардың заңды талабын орындамауы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауапкершілікке тартылады.

13-тарау. Қорытынды ереже

78-бап. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын қадағалау

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын дәл және бірыңғай қолданылуын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен ол уәкілеттік берген прокурорлар жүзеге асырады.

79-бап. Мемлекеттік шекара туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік

1. Осы Заң мен Мемлекеттік шекара туралы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзған адамдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікке тартылады.

2. Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінен, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінен, өзге де уәкілетті органдардан Мемлекеттік шекараны қорғау саласында олардың құқықтары мен бостандықтарын шектеу жөнінде түсініктеме алуға құқығы бар.

3. Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік және азаматтығы жоқ адамдардың заңды құқықтары мен бостандықтары бұзылған жағдайда тиісті лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бұл құқықтарды қалпына келтіруге және оларға келтірілген залалды өтеуге міндетті.

80-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 1, 1-құжат, Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 1998 ж., № 24, 436-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 24, 180-құжат; 2009 ж., № 18, 86-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі туралы» 1993 жылғы 13 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 1, 3-құжат; 1995 ж., № 8, 56-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 14, 275-құжат; 2002 ж., № 15, 147-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 24, 180-құжат; 2011 ж., № 1, 7-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК